



КӨРІНБЕЙТІН МАЙДАН

Әлемдік бәсеке артып келеді

7

Almaty

AQSHAMY



Газет 1988 жылдың 1 шілдесінен бастап шығады | №23-24 (6702) 3 наурыз, сейсенбі, 2026 жыл. | www.aqshamnews.kz

12+

МЕГАПОЛИС

ЖАСЫЛ ИМПУЛЬС

2030 жылға дейін дендрологиялық жоспар әзірленеді



Алматы қаласының әкімі Дархан Сатыбалдының төрағалығымен өткен кеңесте қаланың жасыл қорын жаңарту және көгалдандыру мәселесі талқыланды.



3

Әрқайсымыздың дауысымыз маңызды!

15 НАУРЫЗ
МАРТА
РЕФЕРЕНДУМ

Важен голос каждого из нас!

www.election.gov.kz

«ДАУЫС БЕРУГЕ АРНАЛҒАН БЮЛЛЕТЕНЬ»

2026 жылдың 15 наурызында «Жобасы бұқаралық ақпарат құралдарында 2026 жылғы 12 ақпанда жарияланған Қазақстан Республикасының жаңа Конституциясын қабылдайсыз ба?» деген сауал бойынша республикалық референдум өтеді.

Референдумда әрбір қазақстандық жеке дауыс береді. Бюллетень жеке басын куәландыратын құжатты көрсеткен кезде референдумда дауыс беруге құқылы азаматтар тізімі негізінде беріледі. Содан кейін Сіз бюллетеньді алғаныңыз туралы тізімге қол қоясыз.

Бюллетень жасырын дауыс беруге арналған кабинада толтырылады. Бюллетеньде Сіз өзіңіз жақтап дауыс беретін жауап нұсқасының оң жағындағы бос шаршыға кез келген белгі қоясыз. Бюллетеньге қарындашпен белгі қоюға, сондай-ақ оған қандай да бір түзету енгізуге болмайды. Толтырылған бюллетеньді дауыс беру жәшігіне саласыз.

Әрқайсымыздың дауысымыз маңызды!

Қазақстан Республикасының Орталық референдум комиссиясы.

«ЕСЕПТЕН ШЫҒАРУ КУӘЛІГІ»

2026 жылдың 15 наурызында республикалық референдум өтеді. 2026 жылғы 27 ақпаннан бастап Сізге өз учаскеңізде референдумға қатысуға құқылы азаматтардың тізімінде өзіңіз туралы деректерді тексеру мүмкіндігі берілетін болады.

Қандай да бір өзгерістер енгізу қажет болса Сіз дереу учаскелік референдум комиссиясына өтінішпен жүгіне аласыз. Егер азамат өзінің болатын жерін өзгертсе, ол 2026 жылғы 27 ақпаннан бастап, 14 наурыз күнгі сағат 18.00-ге дейін учаскелік референдум комиссиясына өтініштің негізінде есептен шығару куәлігін алуға құқылы. Есептен шығару куәлігін сенімхат негізінде алуға рұқсат етіледі.

Есептен шығару куәлігін ұсынған кезде учаскелік референдум комиссиясы дауыс беру күні азаматты оның болатын жері бойынша учаскедегі тізімге енгізеді. Бір елдімекеннің шегіндегі басқа учаскеде дауыс бергісі келетін азаматтарға есептен шығару куәлігі берілмейді.

Әрқайсымыздың дауысымыз маңызды!

Қазақстан Республикасының Орталық референдум комиссиясы.



БІЗДІ ӘЛЕУМЕТТІК ЖЕЛІЛЕРДЕН ОҚЫҢЫЗ:

www.aqshamnews.kz





ЖАҢАНДЫҚ ҮРДІСКЕ ЖАУАП

Қаламыздағы қоғамдық ұйымдардың, этномәдени бірлестіктің өкілдері де бүгінгі реформа туралы ой-ұстанымын білдіруде. Олар конституциялық өзгерістердің елдің тұрақтылығын нығайтуда және одан әрі дамуы үшін маңызды қадам екенін атап өтті.



**Ахмадулла ВАСТОК,
«Ариана» ауған орталығы» ҚБ-ның құрметті төрағасы:**

– Конституция – мемлекеттіліктің негізі ғана емес, болашақ ұрпақ үшін бағдаршам. Сондықтан басты

саяси құжатымызды қолдау – бұл тұрақты дамуға, азаматтардың әл-ауқатын арттыруға және демократиялық құндылықтарды нығайтуға деген саналы таңдауымыз. Бұл ретте әрбір азаматтық үніміз қоғамның әділдікке, бірлікке және жасампаздыққа деген ұмтылысын көрсетеді.

Иә, Конституция – болашақты, сенімділік пен тұрақтылықты таңдау. Оны қолдай отырып, біз мемлекеттің дамуына және халықтың әл-ауқаты үшін бірлесе жұмыламыз. Осынау жалпыұлттық мақсат-мүдде жолында түрлі этнос өкілдерінің де бірігуі маңызды. Сондықтан баршаңызды алдағы Референдумда белсенді азаматтық ұстаным танытуға және елдің одан әрі өркендеуі үшін үн қосуға шақырамын.



**Оғызхан АБДУЛКЕРИМ,
Алматы түрікмен этномәдени орталығының төрағасы:**

– Жаңа Конституция мемлекет пен қоғам арасындағы

теңдіктің, жауапкершіліктің, ашықтық пен сенімнің іргелі қағидаттарына негіз болары сөзсіз. Дәл осы құндылықтар әділ мемлекеттің негізін қалыптастырады және елдің жарқын болашағының берік іргесін қалайды. Біз жаңа Конституцияны қолдай отырып, халықтың әлауқатына, тұрақты өміріне және бірліктатулығына бағдарланған мықты қоғам құруға үлес қосамыз. Әділеттілік пен өзара сенімге негізделген болашақты құрамыз. Бұл – мықты мемлекет пен ұйымшыл халықты қалыптастыруға жасалған тың қадам. Сондай-ақ, этносаралық келісімді нығайтуда және демократиялық институттарды дамытуда маңызды рөл атқаратыны анық.



**Рафик МИРЗОЕВ,
Қазақстан күрдтерінің «Барбанг» қауымдастығы басқарма кеңесінің төрағасы:**

– Алдымызда бізді маңызды тарихи кезең күтіп тұр. Яғни жаңа Конституцияға дауыс береміз. Жаңа Ата Заң бүгінгі жаһандану дәуіріне толықтай жауап бере алады және қоғамның модернизация мен тұрақты дамуға деген ұмтылысын көрсетеді деп білемін.

Әлем тез өзгеруде және мемлекет те уақыттан қалмай бірге қарыштап алға жылжып келеді. Мен конституциялық реформаны бүгінгі балаларымыздың және келер ұрпақтың болашағына бағытталған дұрыс шешім деп санаймын. Сондықтан алда өтетін Референдумға жарқын келешек үшін дауысымды беруге міндетті түрде қатысамын. Сіз де қалмаңыз. Әрқайсысымыздың үніміз, дауысымыз, таңдауымыз жетілген азаматтық ұстанымның көрінісі және қазіргі орнықты мемлекеттің одан әрі дамуының маңызды факторы болады деп ойлаймын.

Әзірлеген Нұржамал ӘЛІШ.



БОЛАШАҚТЫҢ БАСТЫ ҚҰЖАТЫ

«Әділетті және прогрессивті Қазақстанның халықтық Конституциясы үшін» Жалпыұлттық коалициясы түрлі қоғамдық топтармен кездесіп, басты құжат – жаңа Конституция жобасын талқылауды, референдум маңызын түсіндіруді жалғастыруда.

Конституция – Кәсіпкерлер көзімен

Сенат депутаттарының Алматыдағы жұмыс сапары аясында қаладағы бизнес-қоғамдастық өкілдерімен кездесу өткізді. «Аманат» партиясының офисінде өткен кездесуге Жанна Асанова, Марат Қожаев және Нүрия Ниязова сынды сенаторлармен қатар Алматының «Атамекен» өңірлік кәсіпкерлер палатасының директоры Шыңғысхан Маманов та қатысты.

Кездесу барысында жаңа Конституцияның жобасын және алдағы республикалық референдумды талқылады. Сенаторлар ұсынылып отырған өзгерістер мемлекеттік институттарды нығайтуға, азаматтардың елді басқаруға қатысуын кеңейтуге және тұрақты құқықтық жүйені қалыптастыруға бағытталғанын баса белгіледі. Сонымен бірге, бастаманың кәсіпкерлерге қатысты негізгі ережелерін түсіндірді.

«Атамекен» өңірлік кәсіпкерлер палатасының директоры Шыңғысхан Маманов тұрақты құқықтық жүйе мен мемлекетпен өзара іс-қимылдың ашық тетіктері бизнестің дамуына және қолайлы инвестициялық ахуалдың қалыптасуына тікелей әсер ететінін баса белгіледі.

Кездесу аясында кәсіпкерлікті дамыту, бизнесті мемлекеттік қолдау және заңнаманы жетілдіру мәселелері де қозғалды. Қатысушылар референдум өткізуге қолдау білдіріп, негізгі мемлекеттік бастамаларды талқылауға қатысу қажеттігін атап өтті.

«Шапағат»

«Әділетті және прогрессивті Қазақстанның халықтық Конституциясы үшін» Жалпыұлттық коалициясы мүшелері Алматы қаласындағы «Шапағат» әлеуметтік қызметтер көрсету орталығы еңбек ұжымымен мазмұнды кездесу өткізді. Іс-шараның басты мақсаты – Конституциялық реформалардың мән-маңызын кеңінен түсіндіру, қоғам өкілдерінің пікірін тыңдау және өзара ашық диалог алаңын қалыптастыру болды.

Кездесу барысында коалиция өкілдері конституциялық өзгерістердің елдің саяси жүйесін жаңғыртудағы рөліне, әлеуметтік-экономикалық дамуға серпін берудегі ықпалына және азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғауды күшейтуге бағытталған тетіктеріне жан-жақты тоқталды.

– 27 триллион теңге бюджеттің 40%-ы әлеуметтік салаға жұмсалса, жаңа Конституция бұл бағыттағы басымдықтарды одан әрі күшейтіп, әлеуметтік саясаттың тиімділігін арттыруға мүмкіндік береді, – деді сенатор Сұлтанбек Мәкежанов.

Кездесу соңында орталықтың еңбек ұжымы әлеуметтік сала мамандарын толғандыратын өзекті мәселелерді көтеріп, өз ұсыныстарын ортаға салды. Әсіресе, әлеуметтік қызмет көрсету сапасын арттыру, мамандардың мәртебесін көтеру, материалдық-техникалық базаны нығайту мәселелері қозғалды. Конституциялық өзгерістердің осы бағыттарға ықпалы жөнінде нақты сауалдар қойылып, тараптар арасында ашық әрі мазмұнды пікір алмасу өтті.

Спорт академиясы

Алматы қаласында Қазақ спорт және туризм академиясының ұжымы мен Жалпыұлттық коалициясы мүшелерінің арасында кездесу өтті. Жиын барысында елдегі конституциялық реформалардың мазмұны, олардың қоғам өміріндегі маңызы және алдағы саяси өзгерістердің негізгі бағыттары кеңінен талқыланды.

Коалиция мүшелері өз сөздерінде конституциялық өзгерістердің басты мақсаты – әділетті қоғам қалыптастыру, азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғауды күшейту, мемлекеттік басқарудың ашықтығы мен тиімділігін арттыру екенін жеткізді. Сонымен қатар, жаңартылған Конституция қоғам сұранысына жауап беретін, заманауи талаптарға сай құжат болуға тиіс екені айтылды.

Кездесу барысында академия оқытушылары мен қызметкерлері өз ой-пікірлерін білдіріп, бірқатар ұсынысын ортаға салды. Әсіресе, спорт саласын қолдау, жастар тәрбиесі мен салауатты өмір салтын дамыту бағытындағы бастамаларға ерекше назар аударылды.

MEGA Alma-Ata

Жалпыұлттық коалициясының өкілдері MEGA сауда ойын-сауық орталығында жалға алушыларымен және сауда орталығы қызметкерлерімен кездесу өткізді. Онда Конституция жобасындағы басты жаңашылдықтар, қабылдану себептері және оның ел дамуына тигізер ықпалы кеңінен түсіндірілді.

Кездесуде қоғам қайраткері Роза Кәрібжанова жаңа Конституцияны қабылдаудың символдық және стратегиялық маңызына тоқталды:

– Әрбір елдің өз алдына қойған мақсаты бар, ал сол мақсатқа жету үшін батылдық, рух пен сенім қажет. Қазақстан да өз болашағына сенім артып, даму жолын таңдады. Жаңа Конституция елдің алдағы қарқынды дамуына берік негіз болады, – деді ол.

Жиын соңында коалиция өкілдері жаңа Конституцияның демократиялық құндылықтарды нығайтудағы маңызын атап өтіп, 15 наурызда өтетін референдумға белсенді қатысуға шақырып, әрбір дауыстың маңызды екенін жеткізді.

Әзірлеген ТІЛШІЛЕР ТОБЫ.



ТҰҒЫРЛЫ АТА ЗАҢ ТҮСІНІКТІ ТІЛДЕ...

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің заңгерлері жаңа Конституциясы жобасын түсіндіруге арналған оқу құралын шығарды. Басылымда қолданыстағы негізгі заң нормалары мен ұсынылып отырған өзгерістер егжей-тегжейлі салыстырылып, әр түзетудің себебі айтылған.



**Нұржамал
ӘЛІШ**

Өңірлік коммуникациялар қызметі алаңына келген университет ғалымдары осы оқу құралын таныстырды. Авторлары жаңа Конституция әр азаматтың құқығы мен бостандығына, өмір сүру сапасына тікелей қатысты екенін атап өтті.

Авторлық ұжымды ҚазҰУ-дың Басқарма төрағасы, ректоры, Конституциялық комиссия мүшесі Жансейіт Түймебаев басқарған. Басылымды дайындауға Басқарма төрағасының орынбасары, университеттің бірінші проректоры, заң ғылымдарының докторы, профессор, Конституциялық комиссия мүшесі

Еркін Дүйсенов пен университеттің тағы 28 профессор-оқытушысы қатысқан.

Олардың айтуынша, жаңа Конституцияны қабылдау қажеттілігі цифрландыру, экологиялық қауіптер, инновациялардың дамуы, меншіктің жаңа нысандарының пайда болуы мен әлемдік саяси-экономикалық жағдайдың өзгеруі сияқты қазіргі заманғы сын-қатерлермен байланысты туған. Жоба адам құқығы мен бостандығын күшейтуге, демократия мен әлеуметтік қорғаудың жаңа стандарттарын енгізуге, сондай-ақ билік тармақтары арасындағы өкілеттіктердің нақты теңгерімі мен мемлекеттік институттардың ашықтығын қамтамасыз ету арқылы басқару жүйесін жетілдіруге бағытталған.



Суретті түсірген Самат ҚҰСАЙЫНОВ.

**Еркін ДҮЙСЕНОВ,
ҚазҰУ Басқарма төрағасының орынбасары,
бірінші проректор:**

– Әлеуметтік желі мен бұқаралық ақпарат құралындағы талқылауға жасалған бақылауға сүйенсек, ең көп қызығушылық тудырғаны – Конституцияның кіріспесі, яғни преамбуласы. Онда Ұлы даланың мыңжылдық тарихына басымдық берілген. Бұл Қазақстанның мемлекеттілігінің тамыры тереңде жатқанына дәлел. Оның символдық қана емес, құқықтық маңызы да бар. Сондай-ақ, кіріспеде елдің болашақ дамуының негізгі құндылығы ретінде ғылым мен инновация, мәдениет пен дәстүр жаңа зияткерлік қоғамның негізгі бағдары ретінде қамтылған. Бұлар мемлекеттің әлеуметтік-экономикалық дамуын ұзақ мерзімге айқындайды. Сондықтан кіріспенің неге өзгертілгені туралы сұрақ орынды. Біз жаңа, әділетті Қазақстан құрып жатырмыз, кіріспе соны көрсетеді. Жобада халық мемлекеттік биліктің бірден-бір бастауы ғана емес, сонымен қатар егемендіктің иесі екені тікелей көрсетілген. Бұл да маңызды нәрсе. Өйткені, егемендікке халықты бөлектеп қарауға болмайды. Ел тағдырын шешетін – халықтың өзі. Мұндай өзгерістер аз емес, сондықтан оны түсіндіру үшін жүйелі жұмыс істеу қажет.

**Уәлихан АХАТОВ,
ҚазҰУ-дың Заң факультеті деканы, заң ғылымдарының
кандидаты, профессор:**

– Біз цифрлық дәуірде өмір сүріп жатырмыз, сондықтан бұл оқу құралын электронды форматта да шығарамыз. Оны университеттің ресми сайтына орналастырып, ақпарат құралдары арқылы таратамыз. Электронды нұсқа аудиторияны едәуір кеңейтіп, жаңа Конституция жобасының негізгі ережелерін, атап айтқанда, нормалардың логикасы, оларды қабылдау себептері мен жаңа қоғамдық қатынастарды қалыптастыратын институционалдық өзгерістердің ерекшеліктері туралы тереңінен түсіндірері сөзсіз.

**Алуа ИБРАЕВА,
Мемлекет және құқық теориясы мен тарихы, конституциялық және әкімшілік құқық кафедрасының профессоры:**

– Бұған дейінгі оқу құралдары көбіне судья, заңгер мен ғылыми қауымдастық сияқты кәсіби ортаға бағытталатын. Қазіргі құралдың мақсаты – қолданыстағы нормаларды, жаңа ережелер мен олардың құқықтық салдарын қарапайым әрі түсінікті тілде халыққа жеткізу. Жаңа нормалар ерекше белгіленіп, олардың негіздемелері қатар берілген.

Көлемі 200 беттен тұратын оқу құралында қолданыстағы Конституцияның 80 пайыздан астамы жаңартылатынын барынша түсінікті етіп жеткізген. 80 пайыздан асса, жаңа Конституция деуге де болады. Бұл оқу құралы азаматтарға Референдумның маңызын, өзгерістің мәнін тереңірек түсінуге мүмкіндік береді.



Суреттерді түсірген Кайрат ҚОНЫСБАЕВ.

КЕЛІСІМДІ КЕҢЕС

Этномәдени бірлестіктер реформаны қолдады

Алматыда Қазақстан халқы Ассамблеясының этномәдени бірлестіктері өкілдерінің қатысуымен «дөңгелек үстел» өтті. Басқосуда ҚР Парламенті Сенатының депутаты Нұрия Ниязова сөз сөйлеп, жаңа Конституция жобасының негізгі ережелері мен алдағы референдум туралы түсіндірді.



**Гүлжанат
СЕМБАЕВА**

«Дөңгелек үстел» барысында этномәдени бірлестіктердің өкілдері алдағы референдумды қолдайтынын білдіріп, ел болашағы үшін маңызды саяси науқанға белсенді қатысу қажеттігін жеткізді.

Сенатор Нұрия Ниязова өз сөзінде Конституция жобасының бірнеше бабына кеңінен тоқталды, әрі бұл тек формалды түзетулер емес, жүйелі жаңару екенін атап өтті.

Сенат депутаты 6-бапқа тоқталғанда, аталған бапта идеологиялық және саяси әртүрліліктің бекітілетінін, сонымен қатар елдің егемендігі мен тәуелсіздігін қорғау көзделгенін атап өтті. Оның айтуынша, 9-бапта қазақ тілінің мемлекеттік тіл ретіндегі мәртебесі расталады, сонымен бірге Қазақстан халқының тілдері де аталады, бұл мемлекеттің көпұлтты сипатын көрсетеді.

– Біз бұл нормаларды нақты



түсініп, дұрыс түсіндіруіміз қажет. Ұлттық бірлікті нығайту – баршамыздың ортақ басымдығымыз, – деді сенатор.

Депутат адам құқықтарының кепілдіктеріне де жеке тоқталды. 19-бапта қорғану құқығы, өзіне қарсы айғақ бермеу құқығы және бір құқық бұзушылық үшін қайтадан жауапкершілікке тартуға тыйым салу нормалары бекітілген.

– Бұл қағидалар түсінікті тілмен жазылып, әр азаматтың құқықтарын нақты айқындайды, – деп атап өтті ол.

Сонымен қатар, сөз бостандығы, еңбек ету құқығы және отбасы институтын қорғау жөніндегі нормалар да талқыланды.

Кездесу соңында сенатор кең ауқымды қоғамдық талқылаудың маңызын атап өтті.

– Парламентте біз де заң жобаларымен дәл осылай жұмыс істейміз – сұрақтар қойып, тұжырымдарды нақтылап, қоғам

пікірін ескереміз. Қазіргі таңда елдің әр аймағында, түрлі әлеуметтік топтар арасында жобаны түсіндіру жұмыстары белсенді жүріп жатыр. Әсіресе, жастар жұмысшы мамандық иелері, бизнес өкілдері тарапынан қойылған сұрақтар мазмұнды әрі мәнді. Әр азамат өзінің пікірін білдіруге құқылы. Бірақ біз ең алдымен елдің дамуын, тұрақтылығын және болашағын ойлауымыз керек. Сондықтан баршаңызды Қазақстанның прогресі мен өркендеуі үшін дауыс беруге шақырамын, – деді Нұрия Ниязова.

«Дөңгелек үстелге» қатысушылар диалогқа белсенді қатысып, сұрақтар қойып, ұсынылған өзгерістер жөніндегі пікірлерін бөлісті. Этномәдени бірлестіктер өкілдері ұлтаралық келісімді сақтаудың маңызын атап өтіп, өз ұжымдарында түсіндіру жұмыстарын жалғастыруға дайын екендерін білдірді.

ЖАСЫЛ ИМПУЛЬС

2030 жылға дейін дендрологиялық жоспар әзірленеді



**Досбол
АТАЖАН**

(Басы 1-бетте)

Кеңесте жасыл желектердің қазіргі жағдайы, 2026 жылғы отырғызу жоспары, апатты жағдайдағы ағаштарды санитарлық мақсатта кесу және кесілген жасыл желектің орнына жаңасын егу ережелерін жетілдіру жөнінде ұсыныстар қаралды. Экология және қоршаған орта басқармасының мәліметінше, қаладағы жасыл аймақтардың ауданы 22,59 мың гектар, бұл – Алматы аумағының 33%-ы. Бұрын мегаполистің жасыл желектеріне жүргізілген түгендеу нәтижесіне бойынша Алматыда барлығы 4 миллионнан астам ағаш бар, оның 2,3 миллионға жуығы қоғамдық жерлерде өседі.

Жиында 2030 жылға дейінгі дендрологиялық жоспарды әзірлеуге ерекше назар аударылды. Жасыл желектерді түгендеу аясында далалық таксация, барлық сегіз аудан бойынша топырақ талдауы жүргізіледі, ал қалалық



ортаға бейім әрі ғылыми негізделген ағаш тұқымдық құрамы қалыптастырылады. Жұмыс нәтижесінде әр аудан үшін жеке дендрологиялық жоспар бекітіледі.

– 2026 жылы 550 мыңнан астам ағаш пен бұта егу жоспарланған. Оның ішінде биіктігі 5-6 метр болатын 7,2 мың ірі ағаш, 40 мың көшет және 500 мың көпжылдық бұта бар. Аллеялық екпелер магистральдық көшелерде, өзен жағалауларында және жолдарды қайта жаңарту учаске-

лерінде егіледі, – дейді Экология және қоршаған орта басқармасының өкілдері.

Кеңес қорытындысы бойынша шаһар басшысы жасыл қорды жаңартуға жүйелі және ғылыми көзқарасты қамтамасыз етуді, көшелерді қайта жаңарту жұмыстарын жаңа ағаш отырғызумен үндестіруді, сондай-ақ қабылданатын шешімдердің ашықтығын, жұртшылықпен және сарапшылармен өзара іс-қимылды қамтамасыз етуді тапсырды.

Халық саны **2 345 000**Жұмыссыздық деңгейі **4,4%**

Орташа айлық жалақы

₸ 546 261**+15,9%**Өндіріс көлемі **₸ 2,5 трлн****+17,2%**ЖӨӨ көлемі **₸ 13,5 трлн****+6,5%**Сауда көлемі **₸ 8,9 трлн****+9,4%**Тіркелген бизнес **158 032****+4,1%**

Коллажды жасаған Нұрбосын ӨРІСУЛЫ.

ХАЛЫҚ ПЕН ЕҢБЕК НАРЫҒЫ

Шаһардың даму динамикасы қандай?

Алматы – еліміздің қаржы, сауда, өнеркәсіп және қызмет көрсету салаларының қарқынды дамыған орталығы. Қала инфрақұрылымының жаңаруы, инвестициялық тартымдылығының жоғарылауы және шағын әрі орта бизнестің белсенді дамуы ұлттық экономиканың нығаюына серпін беріп отыр.

**Дана САДЫРҚАН**

Демографиялық негіз және жалақы

Экономистер жалақы деңгейінің тұрақты өсуі еңбек нарығын тартымды етеді және ішкі тұтыну әлеуетін күшейтерін ұдайы айтып келеді. Халық санының артуы мен еңбекке кіріскендердің көбеюі Алматы қаласындағы қызмет көрсету, сауда және қаржы салаларына сұранысты тұрақтандыра түскен. 2025 жылғы ресми дерек бойынша, Алматы қаласының халық саны 2 345 000 адам болды. Бұл көрсеткіш қалаға оң көші-қонның жалғасуын және урбанизация деңгейінің жоғары екенін көрсетеді.

Өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуының қорытындылары бойынша еңбек нарығын да салыстырмалы түрде тұрақты деуге негіз бар. Қорытындыдағы дерекке көз жүгіртсек, былтыр жұмыссыздар саны 51,9 мың адам болған. 2026 жылғы 1 қаңтарға жұмыспен қамту органдарында жұмыссыздар ретінде тіркелгендер саны 21636 адам, жұмыс күшінің 1,8%-ы болды. Орташа айлық жалақы 2025 жылы 546 261 теңге болды, бұл алдыңғы жылмен салыстырғанда, 15,9%-ға өскен көрсеткіш.

Өндіріс және құрылыс секторлары

2025 жылы Алматы қаласында өнеркәсіп өнімдері өндірісі 2 544 847,6 млн. теңге деңгейіне жетті. Бұл 2024 жылмен салыстырғанда, өндірістің 17,2%-ға өскенін көрсетеді. Өңдеу өнеркәсібі 19,3%-ға артты. Қалада құрылыс саласы да белсенді дамып, тұрғын үй және инфрақұрылым жобалары жүзеге асуда. Өз кезегінде логистика, транс-

порт және материал өндірісі салалары қосымша қарқын алуда. Өндіріс пен құрылыс секторының өсуі экономикадағы қызмет көрсетуге тәуелділікті азайтып, қаланы өндірістік әлеуеті бар экономикалық орталыққа айналдырады. Бұл инвесторлар үшін қолайлы жағдайлар туғызып, экономикалық әртарапандыруға ықпал етеді.

Сауда және қызмет көрсету

Сауда және қызмет көрсету салалары – Алматы экономикасының негізгі қозғалтқыштары. Ресми статистика бойынша бөлшек сауда көлемінің айтарлықтай өскенін, экономикалық белсенділігін танытты. Мәселен, шағын және орта кәсіпкерлік (ШОБ) қаладағы жұмыс күшінің маңызды бөлігін қамтиды: 2025 жылы қалада ШОБ саны белсенді түрде кеңейіп, оның көрсеткіші республикадағы ауқымды мәнге ие болып отыр. Ұлттық статистика бойынша ШОБ-тың жалпы ішкі өнімге үлесі шамамен, 45,1% деңгейінде. Сауда мен қызмет көрсету секторлары халықтың тұтыну қабілеті мен қаладағы бизнес-белсенділікті айқындайды. Ішкі нарықтың кеңдігі шағын және орта кәсіпкерлікті дамытуға жағдай жасап, жұмыс орындарын көбейтеді.

Қозғаушы күш

Алматыда ШОБ секторы – қаланың экономикалық белсенділігінің басты қозғаушысы. 2025 жылы ШОБ-тың жалпы ішкі өнім құрамындағы үлесі шамамен, 45,1% болды. Бұл – республика бойынша ең жоғары көрсеткіштердің бірі. Шағын және орта кәсіпорындардың саны да күрт өсуде, бұл олардың қаланың экономикасына қосып жатқан нақты үлесін көрсетеді. Еңбекке тартылғандардың көп бөлігі осы секторда жұмыс істейді, ал өндірілетін өнім мен көрсетілетін қызмет-

тердің көлемі жылдан-жылға артуда. ШОБ саласының дамуы экономикалық икемділік пен инновацияның өсуін қамтамасыз етеді. Аталған сектор азаматтардың кәсіпкерлік белсенділігін қолдап, жаңа жұмыс орындарын қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Инфрақұрылым және қаржы секторы

Алматы – Қазақстанның қаржы институттары мен халықаралық компаниялар шоғырланған орталығы. Қаланың инфрақұрылымы транзиттік хаб ретінде де дамып, логистика, көлік және қаржы салаларын қолдайды.

2025 жылғы Алматы инфрақұрылымының негізгі бағыттары:

Өндірістік инфрақұрылым: 182 млрд. теңгеге мультибрендтік автозауыттары, сондай-ақ 43,2 млрд. теңгеге логистикалық орталық құрылысы басталды.

Туризм және демалыс: Таулы және қалалық инфрақұрылымды дамытуға 697,4 млн. теңге бөлінді, оның ішінде навигациялық объектілері бар соқпақтар мен таудағы қонақүй кешені бар.

Білім беру инфрақұрылымы: 37 білім беру мекемесі (жаңа мектептер мен қосалқы нысандар) пайдалануға беріліп, 39 775 оқушы орны құрылды. «Келешек мектептері» жобасы аясында 20 жаңа мектеп салынды.

Әлеуметтік және цифрлық нысандар: 44 млрд. теңгеге «Almaty Museum of Arts» музейі және 7 млрд. теңгеге банктік деректерді өңдеу орталығы іске қосылу көзделді.

Аталған факторлар бизнесті дамыту, инвестиция тарту және қызмет көрсету талабының өсуіне ықпал етеді. Электрондық сауда мен цифрлық платформалар да экономиканың маңызды құрамдас бөлігі ретінде өсіп келеді және компаниялар үшін жаңа нарықтарды ашады.

Сонымен, Алматы экономикасының болашағын бірнеше стратегиялық бағытпен байланыстыруға болады:

• Ішкі нарықты кеңейту – халықтың сатып алу қабілетін арттыру, жұмыспен қамту деңгейін көтеру;

• Сервистік секторды әртараптан-дыру – туризм, креативті индустриялар, білім беру және медицина салаларын дамыту;

• ШОБ пен инновацияны қолдау – кәсіпкерлік бастамаларды кеңейту мен цифрлы технологияларды енгізу;

• Инфрақұрылымды жаңарту – көлік және ақпараттық инфрақұрылым арқылы экономикалық өсімді қолдау.

Алматы экономикасы ішкі тұтыну, кәсіпкерлік белсенділік және инновацияларды енгізу арқылы тұрақты өсуін тоқтатпайды, керісінше мегаполисті Қазақстандағы және Орталық Азиядағы маңызды экономикалық орталыққа айналдырады.

Сандар сөйлесін

■ 2025 жылы Алматы туризм саласында тұрақты өсім көрсетті: тоғыз ай ішінде қалаға шамамен, 1,87 млн. адам келді, бұл өткен жылмен салыстырғанда, 8% көп. Олардың ішінде 563 мыңнан астам шетелдік және 1,3 млн. ішкі турист бар. Бұл туралы қалалық Туризм басқармасының өкілдері айтты.

■ Ведомство дерегінше, саланың инвестициясы 39,4%-ға өсіп, 198,8 млрд. теңгеге жетті. Жеке инвестиция есебінен 941 нөмірлі қонақүйлер, жатақханалар және демалыс базалары бар 48 жаңа нысан ашылды.

■ Алматы халықаралық деңгейде танылып келеді: Bloomberg бойынша қала әлемнің 25 үздік қаласының қатарына енді, ал Booking.com дерегінше, Орталық Азияның тез дамып келе жатқан 10 туристік бағытының бірі. CNN және The Telegraph қаланы аймақтың негізгі туристік нүктесі ретінде атады.

■ Іс-шара туризмі де жаңа деңгейге көтерілді: «ALA CRAFT 2025» халықаралық қолөнер фестивалі 15 елден шеберлерді жинады, ал іскерлік MICE – іс-шараларға әлемнің түкпір-түкпірінен 5,7 мыңнан астам адам қатысты.

■ Қала инфрақұрылымы дамуын жалғастырып келеді. «Алма-Арасан» термалды бұлағы қайта жаңартылды, 10 туристік маршрут көркейтілді, күн панельдері бар кемпингтер мен тауға шыққанда есепке алатын құрылғы орнатылды. Туристер үшін 110 нысанға аудио нұсқаулық дайындалды, 27,5 мың буклет шығарылды, сондай-ақ негізгі көрікті жерлердің 5 тактильді моделі жасалды.



ЖЕТИСУ АУДАНЫ



Суреттерді түсірген Самат ҚҰСАЙЫНОВ.

ӨНДІРІСТІ АУДАН, КЕҢ ТЫНЫСТЫ АУМАҚ

Жетісу ауданының кәсіпкерлері үлкен азаматтық жасап, көпке үлгі көрсетіп жатыр. Олар өз кәсібін деңгелетумен қатар, аудан көшелерін көріктендіруге де атсалыса бастады. Қазіргі таңда тұрғындар Жетісу ауданында «Қасбеттен қасбетке дейін» деген тұжырымдама бойынша жүріп жатқан ғимараттардың сыртқы келбетін жаңарту және оларға іргелес аумақтарды кешенді түрде көркейтуді жұмыстарының қызу жүріп жатқанын байқап, әлеуметтік желілерде ризашылықтарын білдіріп жатыр. Міне, аудан кәсіпкерлері «Таза Қазақстан» акциясы аясында қала әкімі Дархан Сатыбалдының көшелердің бірыңғай сәулеттік келбетін қалыптастыру жөніндегі бастамасына өз үнін қосып, қолдап жатыр.

Рая
ЕСКЕНДІРАуданына қарап,
азаматын таны!

Аудан әкімі Ләззат Әуезханқызының айтуынша, қасбет пен қалалық орта элементтерін жаңғырту жұмыстарын жүргізіп жатқан аумақта бизнес өкілдері ғимараттарының сыртқы келбетін ретке келтірумен қатар, оған іргелес аумақтарды көркейтуді міндетін де мойнына алып отырған көрінеді. Әрине, мұндай үйлесімді жұмыстар көшелердің тұтас және біркелкі көрінісін сақтауға, визуалды стильді біртұтас етіп ұстауға мүмкіндік берері сөзсіз.

Қазіргі таңда ауданның негізгі магистральды көшелерінде, сонымен қатар ірі бизнес нысандарына сәулеттік және контурлық жарықтандыру орнату жобалары қолға алына бастады. Сәтін салса, аудан аумағын жарықтандыру бір түсті шешімде жасалып, ғимараттардың сәулеттік ерекшеліктерін айқындаумен қатар, кешкі және түнгі уақытта қаланың эстетикалық көрінісін арттыруға бағытталатын болады.

«Халық қатысатын бюджет»

Қазіргі таңда Жетісу ауданында «Халық қатысатын бюджет» бағдарламасы аясында бірнеше жоба жүзеге асып, тұрғындар оның игілігін көріп жатыр. Осыдан біраз уақыт бұрын тұрғындардың бастамасымен 2 миллиард теңге жұмсалуда тиіс 30 жоба қолға алынған еді. Оның ішінде жағалаулар мен саябақтарды абаттандыру, балалар алаңдарына арналған спорт алаңдарын орнату, серуен аймақтарын құру, көгалдандыру мен автосуару жүйелерін енгізу сынды өткір де, өзекті мәселелер болды. Осы жобаның көмегімен аудан аумағындағы Алматы – Өскемен жолының бойына шуды оқшаулайтын қалқандар орнатылып, батпақты аумақтар ретке келтірілді.

Қазіргі уақытта бес жаңа жобаның жобалық құжаттамасы әзірленді. Олардың қатарында Палладин көшесіндегі 8,3 гектар аумақты қамтитын жасыл аймақты жаңғырту мен 2 гектарлық «Көкмайса» саябағын қайта жаңарту бар. Сондай-ақ, дәл қазір 48 ауланы жаңарту мен абаттандыру бойынша жасалған жобалық құжат дайын болды.

Сәтін салса, бұл аумақтарға габриондар, жарықтандыру жүйелері, балалар мен спорт алаңдары және шағын сәулет нысандары орнатылады.

Бизнес бар жерде
береке бар

Аталмыш аудан аумағында бүгінде 572 өнеркәсіптік кәсіпорын жұмыс істеп жатыр. Олардың 51-і үлкен және орта, 521-і шағын кәсіпорын санатына жатады. Бұл кәсіпорындардың артықшылығы – олар тек Жетісу ауданының ғана емес, Алматы қаласының да өнеркәсіптік әлеуетінің негізін құрап отырғандығы. Мұндағы жүздеген жаңа жұмыс орны қаланың мыңдаған тұрғынын жұмыспен қамтып отыр.

Тек биылдың өзінде ауданда 3288 жаңа жұмыс орны құрылды. Ауданда тек бұл салалардың ғана емес, құрылыстың да өсімі байқалады. Қазіргі таңда жұмысы біткен құрылыстың көлемі 44,5%-ға артып, 44,4 млрд. теңгеге жетті. Яғни пайдалануға берілген тұрғын үйдің аумағы 15%-ға көбейіп, тұрғын үй құрылысының қарқыны жоғары болып отыр. Ауданның бизнеске қолдау көрсетуі мен инвестицияларды ынталандыруының арқасында Алматы қаласының бюджетіне түсетін салық түсімі 10,5%-ға артып, 258,8 млрд. теңгеге жетті.

Көше келбеті өзгерсе,
көңіл көтеріледі

«Жер жаннаты – Жетісу» демекші,

аудан басшылығының қашаннан негізгі басым бағытты қоғамдық кеңістікті абаттандыру мен қолайлы қалалық орта құру жұмыстарына бағыттап отырғанын байқауға болады. Сәтін салса, қазір бұл жобалар аяқталып қалды. Аталмыш жобалар тұрғындардың өмір сүру сапасын арттырып, қаланың көкке оранған заманға сай келбетін қалыптастыруға бағытталған. Аудандағы ең күрделі жұмыстың бірі Сейфуллин мен Жансүгіров қиылысындағы көлік айрығы маңындағы қоғамдық кеңістікті абаттандыру негізгі жобаның бірі болды.

Жалпы аумағы 3,4 гектар болатын бұл жерде 30,4 мың м² аумақты көгалдандырып, 5,8 мың м² жерге тас төселді. Сонымен қатар, 7 ұңғыма бұрғыланып, 3,5 гектар аумаққа автоматты суару жүйесі орнатылған. Мұнда 192 ағаш, 14 мың бұта мен 2400 гүл егіліп екі альпілік төбешік жасалды. Қазір бұл маңай тұрғындардың демалыс алаңына айналып отыр.

Жетісу ауданында жыл басынан бері бірнеше ірі нысан жаңартылып, көркейтілді. Сейфуллин, Назарбаев пен Абылай хан даңғылының бойындағы бос аймақтарды абаттандыру жұмысы аяқталып қалды. «Кемел» ықшамауданында Қарасу өзені бойындағы жағалауға күрделі жөндеу жүргізіліп, ұзындығы 1,5 шақырым болатын серуендейтін аймақ ашылды.

Бұған қоса, «Айнабулақ» ықшамауданында жаяу жүргіншілер Арбаты жөнделді. Ал «Құлагерде» 83 көпқабатты үйді қамтитын 28 аула қайтадан жаңартылды.

ӘЛЕУМЕТ



Суретті түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЕВ.

БАҒА БАҚЫЛАУДА

Алматылықтардың күнделікті өміріне тікелей әсер ететін әлеуметтік-экономикалық мәселелер қала әкімдігінің тұрақты назарында. Мәселен, сауда нүктелеріндегі әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарлары (ӘМАТ) бағасының аспандап кетпей тұрақты болуы да үнемі бақылауда.

Нұржамал
ӘЛІШ

Бостандық ауданының әкімі Азамат Қалдыбеков Алматы қаласы бойынша Сауда және тұтынушылардың құқығын қорғау департаменті өкілдерімен бірлесіп, аудан аумағында орналасқан сауда ны-

сандарын аралады. Олар «Small» супермаркетінде, «Tez mart» және «Basket market» азық-түлік дүкендерінде болды. Сөрелердегі бағаларды қарап шықты.

Мақсат – халық күнделікті тұтынатын өнімдер бағасының негізсіз өсуін болдырмау және әлеуметтік тұрақтылықты қамтамасыз ету.

Сондай-ақ, кәсіпкерлік субъектілерін ӘМАТ-тың жаңа тізбесі туралы ақпараттандыру.

Тақырыпқа орай айта кетсек, бұрын әлеуметтік маңызға ие азық-түлік тауарларының тізімі 19 тауардан тұрған болса, биыл 31 атауға дейін кеңейтілді. ӘМАТ қатарына ұн, нан, макарон өнімдері, жарма, көкөніс пен жеміс-жидек, қант, өсімдік майы, ет пен балықтың негізгі түрлері, сүт өнімдері, жұмыртқа, шай және ас тұзы кіреді.

«Департамент қызметіндегі бағам бағыт әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына баға белгілеудің бүкіл тізбегі бойынша жүргізілетін жұмыстарды үйлестіру және оған тікелей қатысу. Осы бағытта тауарларға баға белгілеуде тұрақтылықты сақтау мәселесі қаралады. Былтыр 24 отырыс өткізіліп, оның нәтижесі бойынша департамент 600-ге жуық кәсіпкерлік нысанын әкімшілік жауапкершілікке тартты. Ал биыл жыл басынан бері өңірлік комиссияның үш отырысы өткізіліп, нәтижесінде бағаны көтерген, тауардың құнын жазып қоймаған 122 кәсіпкерлік нысаны әкімшілік жауапкершілікке тартылды», – дейді Алматы қаласы бойынша Сауда және тұтынушылардың құқығын қорғау департаментінің басшысы Геннадий Данияров.

«АЙТЫЛДЫ – ЖАСАЛДЫ»

МӘСЕЛЕ ШЕШІМІН
ТАПТЫ

Газетіміздің өткен нөмірінде «Ақшам» арқылы айтамыз» айдарымен редакциямыздан көмек сұраған Алматы қаласы Наурызбай ауданына қарасты «Қарағайлы» шағынауданы тұрғындарының мәселесін жазған едік. Мақалада жұртты сарсаңға салған сапасыз инфрақұрылым мен тротуар бойындағы жарық шамдарының жұмыс тұрақсыздығын көтердік. Аудан басшылығы тарапынан көңіл толатын жауап келді.

Дана
САДЫРҚАН

– Алматы қаласы Наурызбай ауданы әкімі аппараты Аудан әкімдігінің тапсырысымен «РДМ Строй» ЖШС мердігер ұйымымен Қарғалы өзені бойында селден қорғау бөгетінен Жандосов көшесіне дейінгі аумақта іргелес аумақтарды абаттандыру жұмыстары орындалды. Жоба аясында жаяу жүргіншілер аймақтарын абаттандыру, сыртқы жарықтандыру желілерін орнату, сон-

дай-ақ абаттандыру элементтерін, балалар және спорт алаңдарын орналастыру жұмыстары жүзеге асқандығын хабарлаймыз. Сондай-ақ, аталған кемшіліктер кепілдік міндеттемелер аясында мердігер ұйым күшімен қалпына келтірілетіндігін назарыңызға жеткіземіз, – делінген ресми хабарламада.

Біздікі – жеткізу, биліктікі – орындау. Құрметті оқырман, сізді де алаңдатқан сұрақ болса, редакциямызға хабарласңыз. Мәселенізді бірге шешеміз!



Заң мен тәртіп:

ҚАУІПСІЗ ҚОҒАМ

Алматыда құқықтық мәдениетті дамытуға арналған жиын болды

ALT University мен Ішкі саясат басқармасының Қоғамдық даму орталығы бірлесіп «Заң мен тәртіп: қауіпсіз қоғам» тақырыбында кездесу өткізді. Іс-шараның мақсаты – жастар арасында құқықтық мәдениетті қалыптастыру, қоғамдық тәртіпті нығайту және құқықбұзушылықтың алдын алу.

Дана
САДЫРҚАН

Жиын барысында құқықтық тәртіптің қоғам дамуындағы рөлі, азаматтық жауапкершілік, киберқылмыстың алдын алу және интернет қауіпсіздігі мәселелері бойынша түсіндіру жұмыстары жүргізілді. Іс-шараға университет басшылығы, профессор-оқытушылар құрамы мен студенттер, сондай-ақ қалалық прокуратура, Алматы қаласының Полиция департаменті, сот сарапшылары және өзге де мемлекеттік органдардың өкілдері қатысты.

Кездесу аясында қазіргі қоғамдағы құқықтық тәртіптің маңызы, әкімшілік және қылмыстық жауапкершілік мәселелері кеңінен талқыланып, жастардың құқықтық сауаттылығын арттыруға бағытталған нақты ұсыныстар ортаға салынды.

Алматы қаласы Полиция департаменті Киберқылмысқа қарсы іс-қимыл



басқармасының жедел уәкілі, полиция капитаны Әмір Бауыржанұлы интернет-алаяқтыққа қарсы күрестің маңызды міндет екенін атап өтті. Жас буынды алаяқтықтың құрбаны болудан сақтануға шақырды.



Алматы қаласы Ішкі саясат басқармасының Қоғамдық даму орталығы басшысының орынбасары Әл-Фараби Болатжан басқосудың Президент ұсынған «Заң және тәртіп» қағидаты аясында өткізілгенін жеткізді.

– Мұндай кездесулер колледждерде, жоғары оқу орындарында, сондай-ақ жастарға арналған комьюнити-орталықтарда тұрақты түрде өткізіліп келеді. Құқық қорғау органдары мен прокуратура өкілдері кибералаяқтықтың зияны, одан қорғану жолдары туралы түсіндіру жұмыстарын жүргізді. Сондай-ақ, қатысушыларға интернет кеңістігінде қауіпсіздікті сақтау бойынша нақты ұсыныстар айтылды. Прокуратура өкілі өз құзыреті шеңберінде азаматтардың құқығын қорғаудың құқықтық негіздерін және «Заң және тәртіп» қағидатын іске асыру аясында алаяқтыққа қарсы әрекет ету тетіктерін түсіндірді, – деді ол.



«МАХАББАТ» ДЕП МАЗАЛАМАҢЫЗ

Қалада сталкинкке қарсы форум өтті

Алатау ауданында орналасқан Оқушылардың Инновациялық шығармашылық орталығында «Стоп сталкинг» форумы болды.

Досбол
АТАЖАН

Іс-шара Алматы қаласы Полиция департаментінің Қоғамдық қауіпсіздік және Профилактикалық жұмысты үйлестіру басқармаларының ұйымдастыруымен, сондай-ақ Алматы қаласы Ішкі саясат басқармасының Қоғамдық даму орталығының қолдауымен өтті. Форумның мақсаты – сталкинг және некеге мәжбүрлеу әрекеттері үшін қылмыстық жауапкершілікті белгілейтін заңнамалық нормаларды түсіндіру, халықтың құқықтық сауаттылығын арттыру. Форум барысында жиналған қауымға сталкинкке байланысты қалай көмекке жүгінуге болатыны және зардап шеккендерге көрсетілетін қолдау шаралары түсіндірілді.

Қалалық Полиция департаментінің Қоғамдық қауіпсіздік басқарма бастығының орынбасары Айтан Елеусізов біздің қоғамды адамды оның қалауына қарсы шамадан тыс мазалау «махаббаттың дәлелі» деген қате әрі қауіпті көзқарас сақталып отырғанын айтты. Оның айтуынша, шынайы махаббат адамның жеке шекарасына, еркін таңдауына және қадір-қасиетіне құрметпен қараудан басталады. Ал одан тыс әрекет сезім емес, бақылау мен қысымның көрінісі.

– Сталкинг – бұл жәй ғана мазасыз мінез-құлық емес, бұл адамның жеке өміріне қол сұғу, психологиялық қысым көрсету, қорқыту, жүйелі түрде қудалау, яғни қауіпсіздікке тікелей қатер төндіретін әрекет. Мұндай фактілер көбінесе тұрмыстық жанжалдар, ажырасу процестері кезінде болады, сондай-ақ цифрлық кеңістікте, әлеуметтік желілер, мессенджерлер және де өзге онлайн платформалар арқылы жасалады. Сталкингтің салдары өте ауыр: мазасыздық, күйзеліс, әлеуметтік оқшаулану, қауіпсіздікті сезінуде, ал кейбір жағдайларда ол зорлық-зомбылыққа дейін ұшығуы немесе өлімге әкелуі мүмкін, – деді ол.

Полиция өкілі қазірге дейін елімізде ҚР Қылмыстық кодексінің 115-1 бабы (сталкинг) бойынша 11 қылмыстық іс тіркелгенін атап өтті. Бұл істерді қарау нәтижесінде 5 құқық бұзушы сотталған. Айтан Елеусізовтың сөзінше, тәртіп сақшылары сталкинг фактілері бойынша өтініштерді қабылдау және тіркеу жұмысын күшейтіп, профилактикалық іс-шараларды жүргізуге ерекше назар аударып отыр.

– Әрбір өтініш – бұл жәй ғана статистика емес, бұл қорғау мен қолдауды қажет ететін адамдардың тағдыры. Біз азаматтарымызға үндеу жасаймыз: егер сіз қудалау фактісіне тап болсаңыз, сіз жалғыз емессіз. Полиция әрқашан қорғауға дайын. Уақытылы жүгіну – қауіптің алдын алудың ең тиімді жолы деп есептейміз. Қауіпсіздік – әрбір адамның тікелей құқығы, – деді ол.

Форум барысында сөз сөйлеген Бостандық ауданы сотының судьясы Әсем Елемес сталкинкке жататын заңға қайшы әрекеттерді атады. Олар: адамның еркінен тыс үнемі қоңырау шалу, хабарламалар жазу, әлеуметтік желілерде фейк аккаунттар ашу, үйінің немесе жұмыс орнының қасында аңду, қорқыту, бопсалау, жеке ақпаратты тарату немесе некеге тұру мақсатында қысым көрсету. Судья мәнжайларға байланысты сталкерлердің әрекеттері Қылмыстық кодекстің 110-бабы (қинау), 115-бабы (қорқыту), 121-1-бабы (некеге тұруға мәжбүрлеу), 147-бабы (жеке өмірге қолсұғылмаушылықты бұзу), 293-бабы (бұзақылық ниетпен жасалған әрекеттер) 107, 108-1-баптары (денсаулыққа зиян келтіру) бойынша қосымша саралануы мүмкін екенін еске салды. Сонымен қатар, нақты болған сталкинг деректерінен мысал келтіріп, оларға заң жүзінде жаза тағайындалғанын айтты.

– Азамат 4 ай бойы жәбірленушіге жүйелі түрде жазып, қоңырау шалып, үйіне келіп, туыстары арқылы қысым көрсетуге тырысқан. Тіпті мессенджерде бұғатталғаннан кейін де психологиялық қысым көрсетуді жалғастырған. Сот айыпталушыны 115-1-бап бойынша кінәлі деп танып, 100 сағат қоғамдық жұмыстар түріндегі жаза тағайындады. Басқа сотталушы жәбірленушіні жұмыс орнында күтіп алып, денсаулығына зиян келтіремін деп қорқытып хабарламалар жіберген. Әрекеттер 115-1 және 115-баптардың жиынтығы бойынша сараланды, – деді Әсем Елемес.



Алматы – еліміздегі Астратегиялық нысандар шоғырланған маңызды қала. Мегалополисте транзиттік, жоғары технологиялық, логистикалық, өндірістік, әскери және коммуналдық маңызға жеткен бірталай нысан бар. Мұнымен қоса, биыл да қаламызды заман талабына сай құрылған мегалополистер қатарына қосу мақсатында бірталай жоба жүзеге аспақ. Мәселен, Алматының «диджитал сыңарын» құру жобасы. Мұндай маңызды жоба ұлттық-ақпараттық қауіпсіздігімізді сақтауға, виртуалды шекараларымызды шегендеуге жол ашады.



Суретергі түсірет Сапар СЕРІКБАЙҰЛЫ.

КӨРІНБЕЙТІН МАЙДАН

Әлемдік бәсеке артып келеді

Стратегия – ұлттық қауіпсіздігіміз бен экономикамызды нығайтудың, халықаралық кеңістіктегі тұғырымызды айқындаудың негізгі қадамы. Геосаяси кеңістікте өз тағанын нықтаған елдер мұндай стратегия құру мен ұлттық мүддесін айқындау жолында деміл-деміл тарих хроникасына көз жүгіртіп отырады, тынымсыз түрленіп отыратын жаһандық үдерістерді саралайды, территориялық тұтастығын, ішкі-сыртқы қауіпсіздік сақтауға жіті көңіл бөледі. Ал қазіргі геосаяси кеңістіктегі ұлттық қауіпсіздігімізге кепіл болар қалқан, бізге бәімәлім қызмет – барлау ісі, кәсіпқой барлаушылары бар орталықтар.

Ұлт санасының сәруары Ахмет Байтұрсынұлы өз еңбегінде «Газет – халықтың көзі, құлағы һәм тілі» деп жазды. Мұны стратег барлаушылар қызметімен байланыстыра байыптар болсақ, барлаушы – мемлекет мүддесінің нығайтуға үлескер маман, әскери әлеуеттің жебеушісі, ұлттық қауіпсіздігімізді сақтауға болысар «көз, құлақ һәм тіл» деуге болар еді.

Барлау мен тыңшылар қызметі адамзат тарихымен бірге жасап келеді. Барлау ісі – әлемдегі ең көне кәсіптің бірі. Көне грек мифтері есіңізде бар шығар?! Аңызда Прометей отты Гефесттен ұрлап, Олимптан алып қашады. Кейіннен адамдарға табыстайды.

Бағзы әскери рух

Мұндай айрықша мысалдар ұлттық мұрамыздың өн бойында да жиі кездеседі. Ертегі тыңдап өскен бала барлау ісінің әрбір әнтек деталі мен амал-әрекетіне кішкене қанығады, негізгі элементтерін ойына түйіп, бойына сіңіреді. Соған қоса, барлау – ақыл-парасат ісі. Демек, ежелден қазақ халқының тұрмыс-салтына енген кәсіби қызмет. Белгілі түркітанушы ғалым Серікбол Қондыбай өзінің «Жауынгерлік рух кітабы» деген құнарлы бітігінде ежерлі сақ, оған жалғас түрік, кейінгі кіндігінен өрбіген қазақ әскери өркениетінің ай-

рықша тұстары мен ұғымдарын талдайды. Мәселен, ғалым ұзақ жортуға шыдамды, төзімді әскер түрінің «ереуіл» деп аталғанын, жауын тасада тосып, тұтқиылдан шабуыл жасауға жаттыққан сарбаздардың «тосқауыл» болғанын дәйектеп жазады.

Қазақтың ұлы жазушысы Мұхтар Мағауин өз әңгімелерінде шағатай тілінен қалған «шерік» сөзін жиі қолданады. Төл әскер ісі тек ондық, жүздік, мыңдық, түмендіктен тұрмайды, жасақ ішінде айдауыл (конвой), аңдуыл (дозор), бақауыл (квартирмейстер), бөкеуіл (кравчий), ереуіл (налёт), ертеуіл (разведчик), жасауыл (адыютан), жортуыл (набег), кежеуіл (ночная охрана табуна), кезуіл (штурм), шығауыл (авангард) сынды баһадүрлер бар.

Берері мол беделді қызмет

Барлау ісінің жаһандық жағдайды ескере отырып шешім шығаруда, ішкі-сыртқы саясатты ескеріп, геосаяси сипаты басым маңызды шешім шығаруда берері мол. Заманында И.В.Сталиннің өз барлау қызметіне сенбегені, «атағынан ат үркетін» Қызыл армияның Мәскеу іргесіне дейін шегінуге мәжбүр болғаны, Алматыдан аттанып, өр кездесін оққа тосқан 28 гвардияшы-панфиловшылар ерлігі жиі айтылады.

Барлаушылардың рөлі халықаралық жобалар мен операцияларды жүргізуде маңызды мәнге ие. Атом бомбасын дайындау құпиялары, химиялық және бактериологиялық қару туралы тың мәліметтер, зымыран және ғарыш технологиясын игеру мен жетілдіру сыры, қуатты қару-жарақ құрау мен сату мәселесі, кеніштер мен табиғи байлықтарды тап басу тәлімі – мұның бәрі барлаушы қызметін айқындайтын бағыттар. Арнайы агенттер құпия түрге жүзеге асуға тиіс кез келген іс-қимылды анықтауға ұмтылады.

Ісі – құпия, аты – мәшһүр

Қазір әлемдегі үздік барлау қызметі қатарында Американың CIA-сын, Из-

картасын сызады, бүліктер мен өршуі мүмкін ылаңды тіл, дін, ұлттық-жаһандық таным категорияларынан іздейді. Кибербөлімдері – жатық, біршама автономды, ал тыңшылық-барлаушылық басқармасы – орталықтандырылған, елдегі саяси органдар мүддесіне негізделген.

CIA (Орталықтандырылған барлау басқармасы). CIA болса әлемдік қатерлерді: табиғи дүмпу мен апат, саяси бұлғақ, жалпыхалықтық көтеріліс пен төңкеріс, азаматтық соғыс себептері мен салдарын анықтауға баса мән береді. Деректер базасы кең, қаржылай қуаты мол, әлемдегі бірқатар саяси ұйымдармен, әскери базалармен, ғылыми-зерттеу орталықтарымен, АҚШ Қорғаныс министрлігінің штабы – Пентагонмен бірлесе жұмыс істейді. Басқармада әлемдегі, шетелдегі бетбұрыстар, ірі елдердің саяси ойындары, саясаткерлердің, империалистердің, диктаторлардың пендеауи бастамалары, әскери өнертабыс, құйқалы кен мен пайдалы қайнарлар бөлісі жолындағы жаға жырттыс жіктеледі, белгілі бір өңірлерде ғана өршіген уыты індет, табиғи апаттардың «табиғи емес себептері» сараланып отырады. Мамандары индустриалды өнертабыстарды тануға жетік, алпауыт елдердің әскери әлеуетін де жіті талдай алады, өзге елдердің болашақтағы стратегиялық жоспарын, қару-жарақ құрау ісіндегі табыстарын, экономикасы мен демографиясын еркін тізбелеп отырады. Белгілі бір территориядан, кеңістіктен гөрі ғаламның жалпы картинасын, панорамасын бажайлауға ұмтылады.

MI6 (Ұлыбританияның құпия барлау қызметі). Басқарма көп жағдайда дипломатиялық желеуге жүгіне отырып жұмыс істейді. Террор әрекеттеріне тосқауыл болуға, шетел барлаушыларының жолын кесуге, Ұлыбританияның сыртқы саясатын нығайтуға маңыз танытады. Сондай-ақ, әлемдік мәселелерге қатысты стратегиялық анализ жүргізуге екпін түсіреді.

Қазақ барлауы да қауқарлы

Егемендімізді қайтадан қалпына келтіргелі Қазақстанның Ұлттық қауіпсіздік комитеті де сыртқы барлау ісінде мол табысқа жетті. Басқарма қазіргі Қазақстан Республикасы ұлттық қауіпсіздік органдарының тәжірибесін, ежелден жалғасын тауып келе жатқан төл барлау қызметі модельдерін, тарих тағылымын, ұлттық қауіпсіздік өнегесін шебер қолданады. Олар қол жеткізген құпия ақпарат пен айқын деректер ел басшылығы тарапынан жоғары бағаланып, маңызды саяси және экономикалық шешімдер қабылдауға дәйек болады. Мұнымен қоса алғанда, отандық барлау қызметі халықаралық терроризмге, діни экстремизмге қарсы іс-қимылға қатынасады, трансұлттық дәрежеде ұйымдасқан қылмыспен күресуге ерекше мән береді, мемлекеттің қауіпсіздігі мен аумағының тұтастығын сақтауға қызмет етеді. Әлемдегі белгілі барлау орталықтарымен бірге иық тіресіп, қатар тұрып қызмет етуге қауқарлы екенін айта кеткеніміз жөн.


Әдетте, саяси сана – күйгелек қалып, желөкпе мінезге жұғыспайды. Сыртқы саясатта оң-солын барлаған, басы-аяғын байыптаған, ақыл-ойын айқындаған басшының дегені болады. Барлау ісі – басшының белгілі бір байламға келуіне септесер қызмет қана емес, күнделікті стратегия, қазақ халқына етене жақын төл өнер. Барлау ісінде әлем тәжірибесі мен қазақи қағылездік емін-еркін тұтастып, табысып кетеді. Тек биігіне жете алсақ болғаны...

Дастан ҚАСТАЙ.



раильдің «Моссад» басқармасын, Ұлыбританияның MI6-сы бар. Санама-лап айтылған ертеуілдер мектептерінің қандай ерекшеліктері бар? Талдап көрелік.

Моссад. Бұл – әлемдегі ең мықты тыңшылар мектебі. Моссад қызметінде ұдайы аналитикалық пайым алға шығып отырады. Жер-жаһанды барлау, аймақтарды шолу, құрғақ деректерді сүзуге қарағанда мотивтерді тану, түрлі оқиғалар легінің логикалық иінін қандыра отырып сабақтастыру, өткен мен бүгіннің тарихи желісін жалғап, проблема өзегін табу, адам мен қоғам психологиясын тап басу тұсы басым. Өздерін «израилитяндар» деп атайтын израильдік топ әлемдегі мәдени бөлініске, диаспоралар алуан түрлігіне, өркениет қақтығысына, ұлттар айдэнтикасына айрықша маңыз танытады. Геосаяси шарпысулардың негізгі себебі ретінде этноренді, яғни этникалық белгілер мен құндылықтарды қарастырады. Диаспоралар арқылы қақтығыстардың ықтимал



Таулы өлкенің табысы мол

Алатау бауырындағы Ой-Қарағай тау курорттыңда Еуразиялық тау курорттары альянсының ІІІ фестивалі және тау туризмін дамыту жөніндегі Еуразиялық форум өтті. Фестивальге тау туризм саласының мамандары, халықаралық сарапшылар, Альянсқа мүше курорттардың делегациялары, сондай-ақ Андорра, Армения, Қырғызстан елдерінің курорттары мен туризм саласындағы мемлекеттік органдардың өкілдері қатысты.



Дана
САДЫРҚАН



Суреттерді түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЕВ.

Іс-шара «Ақ Тас» базалық станциясында ұйымдастырылды. Фестиваль аясында елдер мен курорттардың тулары көтеріліп, қатысушылар шеруі ұйымдастырылды. Алматы қаласы әкімінің орынбасары Олжас Смағұлов Қазақстан, Өзбекстан және Ресейдің сала мамандарын біріктірген ұйымдастырушыларға алғысын білдірді.

Shymbulak тау курорттың бас директоры Ринат Әбдірахманов іс-шараның басты мақсаты Еуразиялық тау курорттары жаһандық курорттар картасында өз орнын алуы, әлемге танылуы екенін жеткізді. Ол сөзінде бұл салада бәсекелестік бар екенін, алайда, ынтымақтастық, тәжірибе алмасу, технология алмасу бұл мақсатқа жетуге көмектесетінін жеткізді.

Спикерлер өз сөздерінде Алматы тау кластерін дамытудың стратегиялық маңызын атап өтіп, инфрақұрылымды жаңғырту, қызмет көрсету сапасын халықаралық стандарттарға сәйкестендіру және өңіраралық серіктестікті нығайту қажеттігін жеткізді. Сонымен қатар, тау туризмін төрт маусым бойы дамыту, инвестициялық жобаларды іске асыру және экологиялық тұрақтылықты сақтау мәселелері де қозғалды.

Еуразиялық тау курорттары альянсының бас хатшысы Андрей Кукушкиннің айтуынша, бұл іс-шара аймақтың туристік әлеуетін арттырып, халықаралық деңгейдегі беделін нығайтуға ықпал етеді.

– Форумда Қазақстанның туристік саласы үшін ең өзекті тақырып – тау туризмін дамыту және Алматы тау кластерін құру мәселесі. Мұнда да осы бағытта кәсіби тұрғыда пікір алмасуға ниетті мамандар жиналды. Олар кластерді қалай тиімді құруға болатынын, жұмысты қалай жүйелі ұйымдастыру керекін талқылады, – деді Андрей Кукушкин.

Халықаралық сарапшылар қолдау білдірді

Алматыда өткен салалық жиында қала мен өңірдің тау туризмін кешенді дамыту мәселесі талқыланып, жетекші мамандар мен инвесторлар өз көзқарасын білдірді.

Спикерлер Алматының бірегей табиғи әлеуеті мен географиялық артықшылықтарын атап өтіп, кластерлік тәсіл арқылы өңірді халықаралық деңгейдегі тау туризмі орталығына айналдыруға болатынын жеткізді.

«Kazakh Tourism Development» компаниясының бас атқарушы директоры Ержан Еркінбаев Алматы Superski жобасын таныстырды. Алматының тау инфрақұрылымын жаңа деңгейге көтеруге бағытталған жоба тек туризм саласын ғана емес, көлік, сервис, шағын және орта бизнес, білім беру бағыттарын да қатар дамытуға серпін береді.

«Almaty Tau Management»-тің басқарма төрағасы Жан-Пьер Барало Еуропа тәжірибесіне тоқталып, Франция мен Австрия қысқы туризм индустриясында көш бастап тұрғанын атап өтті. Мәселен, халықаралық туристер үлесі Францияда – 35%, ал Австрияда – 76%. Австрияның қысқы туризм индустриясының жылдық айналымы – 12 миллиард еуро. Сарапшылардың пікірінше, табысты даму үшін жүйелі инвестиция, сапалы инфрақұрылым және қызмет көрсету деңгейін арттыру маңызды.

Жиында айтылғандай, тау кластері толық іске қосылған жағдайда, Алматы бұрынғыдай болмайды. Жоба әртүрлі біліктілік деңгейіндегі мамандарға жаңа жұмыс орындарын ашады, инвесторлар үшін табысты бағыт қалыптастырады, жол, қоғамдық көлік, денсаулық сақтау сынды инфрақұрылымды жаңғыртуға ықпал етеді. Әрі жаңа мамандықтар мен білім беру бағдарламаларын дамытуға жол ашпақ. Алматының табиғи әлеуетін тиімді пайдалану арқылы қала Орталық Азиядағы жетекші тау-шаңғы туризмі орталығына айналуға толық мүмкіндігі бар.

Форумға халықаралық сарапшы ретінде қатысқан Андоррадағы Grandvalira курорттар желісінің бас директоры Хулио Вентаха онлайн форматта баяндамасымен көпшілікті

сүйсінтті. Ол Андорраның тау инфрақұрылымын дамыту және курорттық экожүйелерді басқару тәжірибесін таныстырды. Алматыда тау кластерін дамыту жобасы тек туризм саласын дамытып қоймай, қала мен өңірдің инфрақұрылымын жаңарту, жаңа мамандықтар мен білім беру бағдарламаларын енгізу сияқты кешенді өзгерістерге жол ашады.

Биікке ұмтылғанның бағы жанады

Shymbulak тау курорттың бас директоры Ринат Әбдірахманов Алматы тау шаңғысы кластерінің (АТШК) қала мен ел экономикасындағы маңызына тоқталды.

– Алматының басты артықшылығы – оның тауларға жақындығы. Қаладан небәрі 30–40 минутта тау бөктеріне жетуге болады. Мұндай мүмкіндік әлемнің ірі мегаполистерінде сирек кездеседі. Біз ең алдымен көршілес елдердің нарығына басымдық береміз. Ресей – дәстүрлі әрі тұрақты туристік ағым қалыптастыра алатын бағыт. Сонымен қатар, Қытай нарығының әлеуеті зор. Сондықтан жеңіл және орташа деңгейдегі сырғанау жолдарын дамыту – маңызды міндет, – деді Ринат Әбдірахманов.

Бүгінде Алматы тау шаңғысы кластерінің орталық бөлігінде бірнеше курорт жұмыс істейді және жыл сайын 3 миллионнан астам адамды қабылдайды. Шығыс және батыс бағыттағы аймақтар да болашақта дамуға әлеуетті. Бас директорының пікірінше, Алматы тау шаңғысы кластері – тек демалыс орны емес, ол қаланың халықаралық деңгейдегі беделін арттыратын тетік.

2024 жылы Түркітілдес елдердің тау-шаңғы курорттары одағы құрылды. Одаққа Шахдаг, Туфандаг, Шымбұлақ, Ой-Қарағай, Амирсой, Улудаг, Эдждер 3200 және Эрджиес курорттары кіреді. Одақтың мақса-

ты – курорттарды дамыту, бірлескен жобаларды іске асыру, тәжірибе алмасу және мамандарды дайындау. «Шахдаг» ӘК» АҚ Бас директорының орынбасары Жахангир Абдинзаде мәлімдегендей, Шахдаг пен Қазақстандағы серіктес курорттардың дамуы – спорттық туризмді қолдау, жаңа стандарттар орнату және түркі әлемінде тау-шаңғы спортын танымал етуге бағытталған маңызды қадам. Бұл бастама Алматыдағы туристік инфрақұрылымды кеңейтіп, қаланы халықаралық спорттық және туристік картасында көрнекті орынға көтереді.

Мазмұнды меморандум

Алматы қаласында Еуразиялық тау курорттары альянсының үшінші фестивалі аясында Еуразиялық тау курорттары альянсы мен еуропалық Grandvalira Andorra курорттар желісі арасында ынтымақтастық ниеті туралы меморандумға қол қою рәсімі өтті.

Еуразиялық тау курорттары альянсының бас хатшысы Андрей Кукушкиннің айтуынша, Еуропадағы жетекші тау шаңғысы өңірлерінің бірімен серіктестікті кеңейту өзара іс-қимыл, тәжірибе алмасу және саланың озық шешімдерін енгізу үшін жаңа мүмкіндіктер ашады. Оның сөзінше, Grandvalira Andorra-мен ынтымақтастық альянстың халықаралық байланыстарын нығайтып, тау курорттарын дамыту саласындағы кәсіби диалогты кеңейтуге мүмкіндік береді. Құжатқа еуропалық курорт тарапынан Grandvalira Andorra өкілі қол қойды. Ал рәсімде Еуразиялық тау курорттары альянсының атынан Андрей Кукушкин қатысты. Меморандумға қол қою форумының іскерлік бағдарламасындағы негізгі оқиғалардың бірі болып, халықаралық серіктестердің тау туризмін және кластерлік бастамаларды дамытуға жоғары қызығушылық танытып отырғанын растады.



ЕЛ МАҚТАНЫШЫНА ЕРЕКШЕ ҚҰРМЕТ

Алматы чемпионын қарсы алды

Италияда өткен XXV қысқы Олимпиада ойындарында ел намысын қорғаған қазақстандық спортшылар Алматыға оралды. Олардың қатарында Милан төрінде Қазақстан туын желбіреткен мәнерлеп сырғанаудан Олимпиада чемпионы Михаил Шайдоров бар.

Спортшылардың құрметіне Алматы халықаралық әуежайында құттықтау баннерлері ілініп, жылы лебізге толы салтанатты рәсім ұйымдастырылды. Әсіресе, туған жеріне тарихи медальмен оралған Михаил Шайдоровқа ерекше құрмет көрсетілді. Чемпионды Алматы қаласы әкімінің орынбасары Нұрлан Әбдірахым, қалалық Спорт басқармасының басшысы Дархан Нұрханұлы қарсы алып, жеңісімен құттықтады.

Михаил Шайдоров Олимпиада кезінде қолдау білдіріп, бүгін ыстық ықылас білдірген жерлестеріне алғыс айтты.

– Туып өскен жеріме, бүгінгі күні және және болашақта да тұратын қалама келгеніме қуаныштымын. Туған жеріңде осындай жылы лебізді сезіну – қандай сезім екенін сөзбен айтып жеткізу мүмкін емес. Бәріне рахмет! Бұл жетістікпен тоқтамаймыз. Әрі қарай да үлкен жарыстарға қатысып, үлкен жеңістерге жетуге тырысамын. Оған қоса, елімізде мәнерлеп сырғанауды дамуына үлес қосқым келеді, – деді Олимпиада чемпионы.



Салтанатты рәсім барысында танымал қазақстандық суретші Әсел Сабыржанқызы Михаил Шайдоровқа кілемге салынған портретін сыйға тартты.

Олимпиадашылардың құрметіне қала көшелеріндегі LED-экрандарда құттықтау бейнероликтері көрсетіліп, Көктөбе телемұнарасы мерекелік жарықпен безендірілді.

Үш бөлмелі пәтер сыйға тартылды

«Алматы арена» кешенінде Алматы қаласының әкімі Дархан Сатыбалды XXV қысқы Олимпиада ойындарына қатысқан спортшылармен кездесті. Бұл мерекелік кешке танымал спорт жұлдыздары, олимпиадалық құрама мүшелері, бапкерлер және спорт қауымдастығының өкілдері қатысты.

Салтанатты жиын барысында қала әкімі Олимпиада чемпионы Михаил Шайдоровқа үш бөлмелі жаңа пәтердің кілтін табыстап, бұл сыйлық ел мерейін үстем еткен тарихи жеңіске көрсетілген құрмет екенін атап өтті.

«Алматы – спорттық дәстүрі қалыптасқан, чемпиондар тәрбиелейтін шаһар. Біз алдағы уақытта да спорт инфрақұрылымын дамытып, жас таланттарға жан-жақты қолдау көрсетуді жалғастырамыз. Спорт – денсаулық кепілі ғана емес, ол көшбасшылық пен отансүйгіштіктің мектебі. Сіздердің жетістіктеріңіз мыңдаған жасқа үлгі болады», – деді Дархан Сатыбалды.

Михаил Шайдоров қала әкімдігіне және барша жанкүйеріне қолдау көрсеткені үшін алғысын айтты.

«Көрсетілген құрмет пен қолдау мен үшін өте қымбат. Бүгін арнайы келіп, қолдау көрсеткен жанкүйерлерге көп рахмет! Сіздердің ыстық ықыластарыңыз Олимпиада кезінде, әсіресе, еркін бағдарлама сайысында маған үлкен күш берді. Бірақ бұл – финал емес. Алда әлі де үлкен жоспарлар бар. Спорттық мансабымды жалғастырып, жаңа белестерді бағындырғым келеді. Сонымен қатар, осы ең әдемі спорт түріне балалар көбірек келсе екен деймін. Олар ешқандай шектеу жоқ екенін, еңбек пен табандылық арқылы бәріне қол жеткізуге болатынын білсе екен», – деді чемпион.

Іс-шара мерекелік концертке ұласты.

**Досбол АТАЖАН,
Гүлжанат СЕМБАЕВА.**





БРИФИНГ

ВЕЙП ТЕ ДЕНСАУЛЫҚТЫҢ
ҚАС ЖАУЫ

Өңірлік коммуникациялар қызметінде электронды темекінің заңсыз айналымына қарсы іс-қимыл мен азаматтардың денсаулығына келтіретін зиянның алдын алу мәселесі талқыланды.

«Мемлекет тарапынан біраз қатаң іс-шаралар қабылданып, вейптер мен оған арналған сұйықтықтарды сатуға толық тиым салынып, интернет-сауда мен өнімді елге әкелуге бақылау күшейді. Сонымен қатар, вейп сататындар үшін қылмыстық жауапкершілік те енгізілді», – деп атап өтті Алматыдағы Экономикалық тергеп-тексеру департаменті басқармасының басшысы Жақсылық Құттықов.

Ол Қылмыстық кодекстің 301-1-бабына сәйкес, айыппұл, қоғамдық жұмыс, қамауға алу жауапкершілігі барын және адамдардың ұйымдасып істеп, ірі көлеммен ұсталса бес жылға дейін бас бостандығынан айырылатынын да еске салды. Осындай қатаң іс-шараларға қарамас-тан, көлеңкелі сауда әлі де жүріп тұрған көрінеді. Былтыр осындай 9 қылмыстық іс тіркелген, 12 онлайн-дүкен мен вейп

сұйықтығын жеткізетін үш арнаның қызметі тоқтатылып, заңсыз айналымнан 1,8 миллиард теңгенің өнімі тәркіленген. Мәселенің медициналық қырын Алматы қалалық Психикалық денсаулық орталығының директоры Сапар Рахменшеев түсіндірді.

«Вейп – қыздырылған кезде бу түзетін құрылғы. Оның құрамында түрлі химиялық қосылыстар болады. Сұйықтық құрамындағы никотин тәуелділік тудырады, бу арқылы өкпеге де қауіпті заттар түседі. Пропиленгликоль мен глицерин қыздырылған кезде формальдегид, ацетальдегид пен басқа да улы қосылыстар түзіледі», – дейді маман.

Оның айтуынша, бүгінде балалар мен жасөспірімдердің вейп қолдануы қоғамда ерекше алаңдаушылық туғызып отыр.

«Хош иістендіргіш пен ауыр металдар ағзаның жетілуіне атсалысатын эндо-



криндік жүйеге әсер етеді. Жасөспірім кезде бұл аса қауіпті. Қазірдің өзінде басы жиі ауырып, есте сақтау қабілеті төмендеп, ашушаң болып, депрессияға ұшырағандардан біраз шағым түсті», – дейді орталық директоры.

Спикерлер тұрғындарды, әсіресе, жастарды өз денсаулығына жауапты қарап, вейп қолданудан бас тартып, электронды темекіні заңсыз сатқандар болса тиісті органдарға хабарлауға шақырды.

КҮРДЕЛІ ОТА

ШАРБЫ ҚАБАТЫНА
ҚАН ҚҰЙЫЛҒАН

Адам ағзасында шарбы деген бар, ол – іш қуысын қорғайтын майлы қабат. Ол үлкен және кіші шарбы деп аталатын екі бөліктен тұрады. Бірінші бөлігі асқазанды тоқ ішекпен байланыстырушы.

№2 қалалық балалар клиникалық ауруханасының дәрігерлері сирек кездесетін қауіпті дерт – шарбы қабатының сегментарлы инфарктіне шалдыққан 12 жастағы балаға ота жасады. Статистикалық деректерге сүйенсек, инфарктің бұл түрі балаларда өте сирек кездеседі. Әлем бойынша бұл дертке шалдыққан науқастардың 13-14%-ы ғана балалар екен. Ауру белгілеріне қарағанда көп жағдайда оны өткір соқыр-іштен айыру қиын. Аурухана директоры Марат Рабандияровтың айтуынша, кейде тіпті зертханалық талдаулар да ағзадағы ақауды анықтап бере алмайды. Жасөспірімнің қан талдауларында ағзадағы қабыну процесінен белгі беретін аздаған өзгерістер байқалыпты. Іш қуысына жасалған ультарадыбыстық зерттеу нәтижесінде, үлкен шарбы қабаты бұралып, онда майлы тіндер мен сұйықтық жиналғаны, қан айналымы бұзылғаны белгілі болды. Дәрігерлер тез арада ота жасау туралы шешім қабылдады.

Диагностикалық лапароскопия шарбының 360 градусқа бұралып қалған бөлігінің қарайып, жансыздана бастағанын анықтады. Шарбы қабатының зақымданған бөлігі биополярлы коагуляцияның көмегімен алып тасталды. Қазір науқастың өміріне қауіп төніп тұрған жоқ. Гистологиялық талдау нәтижесіне сүйенсек, пациент денсаулығындағы кінәрат қан айналымының бұзылып, шарбы қабатына қан құйылуы салдарынан болған. Мамандардың айтуынша, мұндай жарақаттанған кезде немесе өткір ауру кезінде шарбы қабатында қан айналымы бұзылып, дерт соның салдарынан пайда болады. Бұл дерттің шектен тыс артық салмақ жинаған балаларда кездесуі қауіпті артады. Себебі, мөлшерден артық майлы тін іш қуысындағы қан айналымын нашарлатып, түсетін салмақты арттырады және шарбы қабатының айналып кетуіне әсер етуі ықтимал.

Хирург-ординатор Сәуле Сүлейманованың сөзінше, мұндай кезде уақыт өткізбей дәл диагноз қоюдың маңызы зор. Хирургиялық ота қаншалықты ерте, дер шағында жасалса, науқас өмірін сақтап қана қоймай, дерттің ауыр зардаптарының да алдын алуға мүмкіндік береді.

БАСПАСӨЗ МӘСЛИХАТЫ

ТУБЕРКУЛЕЗ ШЕГІНДІ

Ауру көрсеткіші айтарлықтай төмендеген

Кейінгі он жылда елімізде туберкулезден болатын өлім-жітім бес есеге төмендеген. 2014 жылғы 100 мың тұрғынға шаққандағы 4,9 жағдайдан 2025 жылы 0,9 жағдайға дейін азайған. Қазіргі кезеңде аурудың таралуы 2,5 есеге кеміп, 100 мың тұрғынға шаққанда 105,9-дан 38,9-ға дейін төмендеді.

Ал былтырғы қорытынды бойынша туберкулезбен сырқаттану көрсеткіші 9,9%-ға төмендеп, 100 мың тұрғынға шаққанда 30,1 болған (2024 жылы – 33,4). Өңірлік коммуникациялар қызметі алаңында өткен брифингте осылай деген сала мамандары туберкулезбен күрес жолындағы заманауи қадамдар туралы да тарқатты.

Бүгінде елімізде халықтың түйткілді және осал топтары арасында флюорографиялық скрининг, сондай-ақ балалар арасында туберкулинді диагностика жалғасып жатыр. Бұл кеселдің алдын алудың маңызды бөлігі – БЦЖ вакцинасы. Былтыр 330 397 жаңа туған нәрестенің 312 155-і (94,3%) перзентханада егілді. Оған қосымша 6804 бала медициналық-санитарлық алғашқы көмек мекемелерінде екпе алды. Бір жасқа дейінгі балалардың 96%-дан астамы вакциналанды. Зерттеуге сүйенсек, егілген балалар туберкулезбен 5 есе сирек ауырып, ауруды жеңіл өткереді.

Туберкулезден емделіп жатқан адам мемлекет пен қоғамның қолдауын сезінуі керек дейді мамандар. Былтыр науқастардың 95%-дан астамы 2,2 млрд теңге сомасында әлеуметтік көмек алды. Бұл туберкулезге қарсы ұйымдар бюджетінің 5,2%-ына тең сома. Одан бөлек, емделушілердің банк карталарына ақша аудару, азық-түлік сатып алып беру, ыстық тамақ пен жол шығындарын өтеу түрінде әлеуметтік қолдау көрсетіледі.

Мәлік ӘДЕНОВ,
Ұлттық фтизиопульмонология ғылыми орталығының директоры:

– Елімізде туберкулезді анықтаудың жедел молекулярлы-генетикалық әдісі, тиімділігі жоғары жаңа дәрі-дәрмек қолданылады, профилактикалық ем жағы да жетілді. Иә, қазіргі күні ағзада туберкулездің бар-жоғын екі сағат ішінде дәл анықтауға болады. Өңірлік фтизиопульмонология орталықтары барлық халықаралық стандартқа сай зертханалық әдістермен 100% қамтамасыз етілген. Ұлттық референс-зертханада толық геномды секвенирлеу енгізілген.

Елімізде барлық емделуші үшін дәрі-дәрмек тегін әрі қолжетімді. Бүгінде дәрісі мен емін күтіп отырған науқас жоқ. Инъекциялық дәрілерді қолдану толық тоқтатылды, бұл емге бейілділікті арттырады. Дәріге тәзімді туберкулезді емдеу мерзімі ДДҰ ұсынымдарына сәйкес 24 айдан 9–12 айға дейін қысқартылды, ал 2024 жылдан бастап бұрын 18 айға дейін созылатын емді алмастырған «Претоманид» препараты қолданылатын жаңа алты айлық режим енгізілді.

Шахимұрат ИСМАЙЫЛОВ,
Жаһандық қордың «Туберкулез» компоненті бойынша гранты жобасын іске асыру тобының менеджері:

– Туберкулезбен күреске салынған инвестиция – стратегиялық әрі экономикалық тұрғыдан негізделген шешім. Туберкулезбен күреске салынған әр доллар медицина саласы үшін 43 АҚШ доллары көлемінде экономикалық пайда әкеледі. Биылдан бастап елімізде Жаһандық қордың 2026–2028 жылдарға арналған «Туберкулез» компоненті бойынша жаңа грантын іске асыру басталды. Гранттың жалпы сомасы 6,23 млн. (АҚШ) доллар болады. Қаражат зертханалық диагностиканы дамытуға, үкіметтік емес ұйымдардың әлеуетін қолдап, туберкулезді анықтау мен диагностикалауда жасанды интеллект технологиясын енгізуге, қоғамдық бақылауды кеңейтіп, операциялық зерттеулер жүргізуге бағытталады. Бұл іс-шаралар елімізде 2035 жылға қарай туберкулезді жою жөніндегі жаһандық мақсатқа жақындауға мүмкіндік береді.

Жанар СӘПИЕВА,
Алматы қалалық Фтизиопульмонология орталығының директоры:

– Кейінгі он жылда Алматыда туберкулезбен сырқаттану көрсеткіші 60%-ға, өлім-жітім 82%-ға төмендеген. Туберкулездің тұқым қуаламайтынын және ерте анықталған жағдайда толық емделетінін халық түсінуі керек. Бұл кеселге көбіне әлеуметтік осал топтар бейімдеу келеді. Былтырғы есепте науқастардың 65%-ы жұмыссыздар болса, 31%-ы қант диабетіне шалдыққан, АИТВ-инфекциясы бар, алкоголь мен есірткіге тәуелді, 4,8%-ы тұрақты мекенжайы жоқ жандар болды. Алматының екі емханасында туберкулез бен дәріге тәзімділікті жедел анықтауға мүмкіндік беретін ПТР негізіндегі GeneXpert экспресс-әдісі қолданылады. Былтыр алты мыңнан астам молекулалық-генетикалық зерттеу жүргізілді. Туберкулезбен күресте үкіметтік емес ұйымдардың рөлі зор. 2023 жылдан бері қала әкімдігі мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс бөліп келеді. 2025 жылы оның көлемі 39,6 млн. теңгені құрады. Сондай-ақ, жергілікті бюджет есебінен туберкулезбен ауыратын науқастарға әлеуметтік қолдау көрсетіледі. Былтыр 770 адам осындай көмек алды.

Мұрат МЕДЕТОВ,
«Санат әлемі» қоғамдық қорының директоры:

– Біз секілді үкіметтік емес ұйымдар денсаулық сақтау жүйесі мен халық арасын жақындастырып, әсіресе, ауруына байланысты кемсітуге тап болып, емделуге құлқы болмай жүргендермен, яғни сенім мен қолдауды қажет ететін жандармен жұмыс істейді. Дәлірек айтсақ, аутизм-қызметтер, пациенттерді әлеуметтік сүйемелдеу, ақпараттық-түсіндіру жұмыстары, олардың құқығын қорғау жатады. Медициналық ұйымдар мен азаматтық қоғам арасында осындай тығыз серіктестік орнаған жағдайда жақсы нәтижеге қол жеткізуге болады. Бірлескен жұмыстың түпкі мақсаты эпидемиологиялық көрсеткіштерді ғана төмендету емес, сонымен қатар әр адам медициналық, әлеуметтік және құқықтық қолдауды дер кезінде ала алатын жүйе құру. Күш-жігерімізді біріктіру арқылы ғана біз ортақ мақсат – туберкулезден ада Қазақстан құруға қол жеткізе аламыз.

Бетті әзірлеген
Нұржамал ӘЛІШ



СӘТІ ТҮСКЕН СҰХБАТ



Иманның тең жартысы – САБЫР

Рамазан айы мұсылман қауымы үшін сабыр мен шүкірдің, мейірім мен кешірімнің өнегесін дарытатын тағылымды уақыт. Ораза айының мәні мен маңызы, қоғамдағы рухани тәрбие туралы Алматы қаласының бас имамы Төлеби ОСПАНМЕН сұхбаттасқан едік.

Дәстүрлі құндылық пен рухани иммунитет

– Қауымдастық тарабынан қоғамдағы дін мен дәстүр сабақтас-тығын түсіндіруде қандай қад-дамдар жасалып жатыр?

– Ата-бабамыздан қалған мол рухани мұра бар. Бүгінде «Мұфтият» баспасынан «Бабалар ізімен: Қазақ даласындағы мұсылмандық мектеп», «Дін мен дәстүр», «Қазақстандағы Ислам тарихы», «Пайғамбар хадистері мен қазақ мақал-мәтелдері» сияқты құнды еңбектер ата дінімізді ғылыми танытуда. Сонымен бірге, отбасы құндылықтары, ата-баба дәстүрін дәріптеу аясында қала мешіттерінде жоспарлы семинарлар, «дөңгелек үстелдер» өтеді.

– Қаламыздағы мешіттерде радикалды діни ағымдарға қарсы рухани иммунитет қалыптастыру бағытында қандай жұмыстар атқарылуда?

– «Ауырып ем іздегенше, ауырмайтын жол ізде» демекші, бұл мәселеде уағыз-насихатқа басымдылық беріледі. Тәпсір, хадис, ақида және фикһ сияқты негізгі пәндер бойынша жүйелі уағыз жүргізіледі. Өйткені, уағыз-насихат дұрыс діни-танымды қалыптастырады.

Екіншіден, діни сауат ашу курстарын айтар едім. Тұрақты жұмыс істейтін бұл курстар арнайы бағдарлама негізінде қысқа мерзімде білім алуына мүмкіндік береді. Сонымен бірге, радикалды діни ағымдар ортасында кең таралған даулы мәселелердің ақ-қарасын ажыратып, түсіндіру жұмыстары. Бұған қоса, жалпы радикалды ағымдарға сараптамалық талдау жасау. Мұндай сараптама

ағымның діни ұстанымдағы қателігін ашуға, ең бастысы мақсатын көрсетуге аса қажет.

– Әлеуметтік желілердегі теріс діни ақпаратқа қарсы мешіт имамдары түсіндіру жұмыстарын жүргізе ме?

– Әлбетте, теріс діни ақпараттың алдын алудың бірінші жолы – жүйелі діни ақпаратпен қамтамасыз ету. Ең бірінші, муфтияттың төл арнасы – «Мұнара» бірқатар әртүрлі форматта діни-танымдық бағдарлама түсіреді. Елімізде muftyat.kz бастаған жиырмаға жуық діни-танымдық сайт пен портал жұмыс істейді. Соның ішінде Алматы Орталық мешітінің Azan.kz сайты өзекті діни мақалалар жариялап, аудио және видео дәрістер жүргізіледі. Екінші жолы – теріс ақпаратқа нақты дәлел-дәйекпен жазбаша немесе видео жауап беру маңызды. Мұндай ақпаратқа жан-жақты сараптамалық талдау жасалып, жауап әзірленеді. Айта кететін жайт, мешітте тұрақты пәтуа бөлімі жұмыс істейді. Діни сұрағы бар азаматтар арнайы маманнан жауап алады.

Ораза – жүректі тазартады

– Оразаның тек ішіп-жеуден тыйылу емес, рухани тәрбие екені жиі айтылады. Осы ұғымды тарқатып берсеңіз.

– Оразаның парызы – тек тамақтан тыйылу емес. Ораза хикмет пен сырды арқалаған құлшылық. Оның мұсылмандарға парыс етілгені Құран Кәрімде, Бақара сүресінің анық әмір етілген. Пайғамбарымыз: «Кейбір ораза тұтушыға оразасынан алар үлесі тек ашығу ғана. Кейбір түнде

құлшылық жасаушыға тиер несібе түнді ұйқысыз өткізу ғана» деген. Ендеше, тақуалық деген не? Тақуалық адам өзі мен Алланың азабы арасына қорған жасауы. Ардақты пайғамбарымыз: «Ораза – қалқан. Сендердің бірің ораза тұтсаң жаман сөз, жаман әрекет істемесін. Балағат айтқан, ұрыс шығарған кісіге: «Мен ораза-мын» десін», – деп оразаның мән-мағынасын түсіндірді. Сондай-ақ, оразаның сырын терең түсіндіре отырып, ардақты пайғамбарымыз: «Кімде-кім жаман сөз бен ісін тастамаса, оның тамақ жемей, сусын ішпей жүргенінің Алла Тағалаға ешбір керегі жоқ», – деген.

Сахаба Жабир ибн Абдулла (р.а.): «Ораза тұтсаң құлағың, көзің және тілің өтірік пен харам істен ораза болсын. Көршіге зиян тигізуден сақ бол. Ораза күнінде салмақты және байсалды бол. Ораза күнің мен басқа күндерің ешбір айырмашылығы жоқ, бірдей болмасын» деген екен. Демек, ораза – адами құндылықтарды қалыптастырады. Алла Тағаланың әмірін ықыласпен орындау адамның өзін-өзі тануына көмегі мол.

– Қала мешіттерінде Рамазан айында арнайы діни-танымдық бағдарламалар (уағыздар, дәрістер) өткізіле ме?

– Рамазан – Құран түскен ай. Бұл айда Құран Кәрімді әр қырынан үйренуге ден қойылады. Атап айтқанда, Құран Кәрімді оқуды үйренуден бастап, Құран аяттарының ғылыми-танымдық, тәрбиелік, мінез-құлық және адами қарым-қатынасқа қатысты және басқа да маңызды тақырыптарды қамтыған аяттарының мазмұнын түсіндіреді. Бұдан бөлек, рамазан тақырыбында түрлі танымдық ық-

шамдалған практикалық марафон, курс ұйымдастырылады.

Рамазандағы рухани күй

– Рамазаннан кейін сол рухани деңгейді сақтап қалу үшін қандай амалдарды тұрақты әдетке айналдыру керек?

– Бұл оразаға қатысты ең маңызды сұрақтың бірі. Ораза айы сыйлаған рухани күй кісі бойына сіңу қажет. Отыз күн ұстап келген рухани ре-жимнің маңызды тұсы қарқынды бәсеңдетпеу. Өйткені, ардақты Пайғамбарымыз: «Ең жақсы іс аз болса да тұрақты болғаны» деген.

– Жастар мен отбасы құндылықтарын нығайтуда Рамазан айының рөлі қандай?

– Ораза сабырлы болуды үйретеді. Ал сабырлық – иманның тең жартысы. Бақытты отбасылық өмірде сабыр басты талаптың бірі деуге болады. Шаңырақ ішінде шаттық баянды болуы ұстамды, сабырлы, кешірімді болу аса қажет. Ораза – мейірімділікті үйретеді. Жұмсақ болуды үйретеді. Отбасылық құндылықтың іргетасы да сабырлық, мейірім және жұмсақтық емес пе? Сондықтан да бұл айды құт пен берекеге толы ай деп санаймыз. Ниет етіп тұтып жатқан оразаларыңыз, дұға-тілектеріңіз қабыл болсын. Шаңырақтарыңызға шаттық, бала-шағаңызға амандық, жұмысыңызға табыс тілеймін!

Сұхбаттасқан
Гүлжанат
СЕМБАЕВА.




КАРИКАТУРА СӨЙЛЕСІН

Ауызашар



Ораза қабыл болсын, қасеке...





ҚАУЛЫ

Алматы қаласы әкімдігінің
2026 жылғы 2 наурыздағы
№1/1-251 қаулысы

Алматы қаласы әкімдігінің кейбір қаулыларына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Алматы қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

Алматы қаласы әкімдігінің келесі қаулыларына өзгерістер енгізілсін:

1) «Мемлекет мұқтажы үшін жер учаскелерін алып қоюға байланысты жер учаскелерін немесе өзге де жылжымайтын мүлкі мәжбүрлеп иеліктен шығарудың басталуы туралы» 2024 жылғы 21 қаңдағы №4/530-2125:

қосымшадағы:
реттік нөмірі 25 жолы келесі редакцияда мазмұндалсын:

25.	«Гелиос» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	20-321-019-014	Рысқұлов даңғылы, 103 А	0,0689
-----	---	----------------	-------------------------	--------

2) «Мемлекет мұқтажы үшін жер учаскелерін алып қоюға байланысты жер учаскелерін немесе өзге де жылжымайтын мүлкі мәжбүрлеп иеліктен шығарудың басталуы туралы» 2025 жылғы 10 ақпандағы №1/1-167:

қосымшадағы:
келесі редакциядағы реттік нөмірлері 7, 8 жолдарымен толықтырылсын:

7.	Попков Вадим Евгеньевич	20-313-001-101	Жароков көшесі, 194 А, 17 көлікжай	-
8.	Красильников Максим Юрьевич	20-313-001-000	Жароков көшесі, 194 А, 15 көлікжай	-

3) «Мемлекет мұқтажы үшін жер учаскелерін алып қоюға байланысты жер учаскелерін немесе өзге де жылжымайтын мүлкі мәжбүрлеп иеліктен шығарудың басталуы туралы» 2025 жылғы 17 наурыздағы №1/1-416:

қосымшадағы:
реттік нөмірлері 135, 220 жолы келесі редакцияда мазмұндалсын:

135.	Сарсенбаева Сандугаш Мусаевна	20-317-012-252	Закарпатская көшесі, 1/5, 374 көлікжай	-
220.	Иванов Николай Николаевич	20-317-011-057	Закарпатская көшесі, 1/5, 591 көлікжай	-

4) «Мемлекет мұқтажы үшін жер учаскелерін алып қоюға байланысты жер учаскелерін немесе өзге де жылжымайтын мүлкі мәжбүрлеп иеліктен шығарудың басталуы туралы» 2025 жылғы 16 сәуірдегі 2/262-559:

қосымшадағы:
реттік нөмірлері 2, 3 жолдары келесі редакцияда мазмұндалсын:

2.	Карин Сымбат Гильманович	20-315-003-307	Есенберлин көшесі, 161	0,0470
3.	Карина Гулбаршын Гатауовна, Карин Гильман Уразович	20-315-003-308	Есенберлин көшесі, 159	жалпы - 0,1241 үлесі - 0,0436 иеліктен шығарылатын ауданы - 0,0191

5) «Мемлекет мұқтажы үшін жер учаскелерін алып қоюға байланысты жер учаскелерін немесе өзге де жылжымайтын мүлкі мәжбүрлеп иеліктен шығарудың басталуы туралы» 2025 жылғы 27 маусымдағы №2/262-883:

қосымшадағы:
реттік нөмірі 27 жолы келесі редакцияда мазмұндалсын:

27.	Хаирова Рашида Мухаметовна	20-321-004-032 (20-314-904-032)	«Өжет» шағынауданы, Красноармейская көшесі, 83/1	0,0464
-----	----------------------------	---------------------------------	--	--------

реттік нөмірлері 34, 35 жолдары келесі редакцияда мазмұндалсын:

34.	Бузмакова Тамара Владимировна	20-321-004-124	«Өжет» шағынауданы, Красноармейская көшесі, 89, 1 пәтер	жалпы- 0,0964 үлесі-0,0482
35.	Бузмакова Наталия Владимировна	20-321-004-124	«Өжет» шағынауданы, Красноармейская көшесі, 89, 2 пәтер	жалпы- 0,0964 үлесі-0,0482

реттік нөмірі 92 жолы келесі редакцияда мазмұндалсын:

92.	Абдуллаева Рискигуль Абдуллаевна	20-321-004-449	«Өжет» шағынауданы, Бекболат көшесі, 220	0,0578
-----	----------------------------------	----------------	--	--------

6) «Мемлекет мұқтажы үшін жер учаскелерін алып қоюға байланысты жер учаскелерін немесе өзге де жылжымайтын мүлкі мәжбүрлеп иеліктен шығарудың басталуы туралы» 2025 жылғы 10 қыркүйектегі №3/470-1189:

қосымшадағы:
реттік нөмірі 36 жолы келесі редакцияда мазмұндалсын:

36.	Молотова Зайтуням Изизовна	20-321-012-277	«Үлжан-1» шағынауданы, Қадырғали Жалайыри көшесі, 10	жалпы - 0,0925 үлесі - 0,0520
-----	----------------------------	----------------	--	-------------------------------

7) «Мемлекет мұқтажы үшін жер учаскелерін алып қоюға байланысты жер учаскелерін немесе өзге де жылжымайтын мүлкі мәжбүрлеп иеліктен шығарудың басталуы туралы» 2026 жылғы 21 қаңтардағы 1/1-85:

қосымшадағы:
реттік нөмірі 13 жолы келесі редакцияда мазмұндалсын:

13.	Проница Наталья Павловна	20-315-039-192	Чаплин көшесі, 33	0,0890
-----	--------------------------	----------------	-------------------	--------

2. Алматы қаласы әкімінің аппараты осы қаулыны қабылданған күнінен бастап үш жұмыс күні ішінде Алматы қаласы әкімдігінің интернет-ресурсын қоса алғанда, жергілікті бұқаралық ақпарат құралдарында жариялауды қамтамасыз етсін.

3. Алматы қаласы Жер қатынастары басқармасы осы қаулыдан туындайтын қажетті шараларды қабылдасын.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау Алматы қаласы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

Д.САТЫБАЛДЫ

Алматы қаласы әкімдігінің
2026 жылғы 2 наурыздағы
№1/1-252 қаулысы

Алматы қаласы әкімдігінің кейбір қаулыларына өзгерістер енгізу туралы

Алматы қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

Алматы қаласы әкімдігінің келесі қаулыларына өзгерістер енгізілсін:

1) 2024 жылғы 27 маусымдағы №2/225-969 «Мемлекет мұқтажы үшін жер учаскелерін алып қоюға байланысты жер учаскелерін немесе өзге де жылжымайтын мүлкі мәжбүрлеп иеліктен шығарудың басталуы туралы»:

аталған қаулының қосымшасындағы:
реттік нөмірі 87 жол келесі редакцияда мазмұндалсын:

87.	Хайдуков Дмитрий Владимирович, Хайдукова Зарема Ризаевна	20-322-001-070	«Шұғыла» шағынауданы, С.Жүнісов көшесі, 2/31	жалпы-2,1835 иеліктен шығарылатын ауданы-0,3625
-----	--	----------------	--	---

реттік нөмірлері 101,102 жолдар келесі редакцияда мазмұндалсын:

101.	Халиев Арслан Кыдышбаевич, Рыспекова Шолпан Алимбековна	20-322-001-124	«Шұғыла» шағынауданы, С.Жүнісов көшесі, 2/65	0,0472
102.	«Henryda» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	20-322-001-125	«Шұғыла» шағынауданы, С.Жүнісов көшесі, 2/62	0,0389

2) 2025 жылғы 21 шілдедегі №3/470-1035 «Мемлекет мұқтажы үшін жер учаскелерін алып қоюға байланысты жер учаскелерін немесе өзге де жылжымайтын мүлкі мәжбүрлеп иеліктен шығарудың басталуы туралы»:

аталған қаулының қосымшасындағы реттік нөмірлері 1, 2, 3, 9, 10, 13, 14, 15, 16, 17, 18, 19, 20, 21, 22, 23, 24, 25, 26, 27, 28, 29, 30, 31, 32 жолдары алынып тасталсын;

3) 2025 жылғы 21 шілдедегі №3/470-1036 «Мемлекет мұқтажы үшін жер учаскелерін

алып қоюға байланысты жер учаскелерін немесе өзге де жылжымайтын мүлкі мәжбүрлеп иеліктен шығарудың басталуы туралы»:

аталған қаулының қосымшасындағы реттік нөмірлері 1, 2, 3, 5, 7, 10, 11, 12, 13, 14, 15, 16, 17, 18 жолдары алынып тасталсын;

4) 2025 жылғы 21 шілдедегі №3/470-1039 «Мемлекет мұқтажы үшін жер учаскелерін алып қоюға байланысты жер учаскелерін немесе өзге де жылжымайтын мүлкі мәжбүрлеп иеліктен шығарудың басталуы туралы»:

аталған қаулының қосымшасындағы реттік нөмірлері 1, 2, 3, 4, 5, 6, 7, 9, 10, 11, 12, 17, 18, 19, 20, 21, 22, 23, 24, 25, 26, 27 жолдары алынып тасталсын;

5) 2025 жылғы 30 шілдедегі №4/675-1105 «Мемлекет мұқтажы үшін жер учаскелерін алып қоюға байланысты жер учаскелерін немесе өзге де жылжымайтын мүлкі мәжбүрлеп иеліктен шығарудың басталуы туралы»:

аталған қаулының қосымшасындағы:
реттік нөмірі 20 жол келесі редакцияда мазмұндалсын

20.	Харитонов Анатолий Васильевич, Михолап Елена Сергеевна	20-313-033-124	Вахтангов көшесі, 9 үй, 2 пәтер	жалпы - 0,0849 үлесі – 0,0264
-----	--	----------------	---------------------------------	-------------------------------

6) 2025 жылғы 13 тамыздағы №3/470-1119 «Мемлекет мұқтажы үшін жер учаскелерін алып қоюға байланысты жер учаскелерін немесе өзге де жылжымайтын мүлкі мәжбүрлеп иеліктен шығарудың басталуы туралы»:

аталған қаулының қосымшасындағы реттік нөмірлері 3, 4, 5, 6, 7 жолдары алынып тасталсын;

7) 2025 жылғы 6 қазандағы №4/675-1249 «Мемлекет мұқтажы үшін жер учаскелерін алып қоюға байланысты жер учаскелерін немесе өзге де жылжымайтын мүлкі мәжбүрлеп иеліктен шығарудың басталуы туралы»:

аталған қаулының қосымшасындағы:
реттік нөмірі 6 жол келесі редакцияда мазмұндалсын:

6.	Колесник Олег Евгеньевич	20-322-010-1101	«Ракета» бағбандық серіктестігі» тұтыну кооперативі, 14	0,0474
----	--------------------------	-----------------	---	--------

реттік нөмірі 10 жол келесі редакцияда мазмұндалсын:

10.	Умбетжанова Жанат Алимбековна, Абитов Бокен Адилханович	20-322-010-561	«Ракета» бағбандық серіктестігі» тұтыну кооперативі, 51	0,0678
-----	---	----------------	---	--------

реттік нөмірлері 1, 7, 11, 12, 13, 14, 15 жолдары алынып тасталсын;

7) 2025 жылғы 22 желтоқсандағы №4/675-1585 «Мемлекет мұқтажы үшін жер учаскелерін алып қоюға байланысты жер учаскелерін немесе өзге де жылжымайтын мүлкі мәжбүрлеп иеліктен шығарудың басталуы туралы»:

аталған қаулының қосымшасындағы реттік нөмірлері 26, 27, 36, 37 жолдары алынып тасталсын.

2. Алматы қаласы әкімінің аппараты осы қаулыны қабылданған күнінен бастап үш жұмыс күні ішінде Алматы қаласы әкімдігінің интернет-ресурсын қоса алғанда, жергілікті бұқаралық ақпарат құралдарында жариялауды қамтамасыз етсін.

3. Алматы қаласы Жер қатынастары басқармасы осы қаулыдан туындайтын қажетті шараларды қабылдасын.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау Алматы қаласы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

Алматы қаласы әкімдігінің 2025 жылғы 4 қыркүйектегі №3/470-1177 «Мемлекет мұқтажы үшін жер учаскелерін алып қоюға байланысты жер учаскелерін немесе өзге де жылжымайтын мүлкі мәжбүрлеп иеліктен шығарудың басталуы туралы» қаулысына өзгеріс енгізу туралы

Алматы қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Алматы қаласы әкімдігінің келесі қаулыларына өзгерістер енгізілсін:

1) «Мемлекет мұқтажы үшін жер учаскелерін алып қоюға байланысты жер учаскелерін немесе өзге де жылжымайтын мүлкі мәжбүрлеп иеліктен шығарудың басталуы туралы» 2025 жылғы 4 қыркүйектегі №3/470-1177:

қосымшадағы:
реттік нөмірі 1 жолы келесі редакцияда мазмұндалсын:

1.	Капчитова Тұрсынхан Оразовна	20-315-062-015	Кұлжа тас жолы, 98 учаске	жалпы-0,6560 иеліктен шығарылатын ауданы-0,4188
----	------------------------------	----------------	---------------------------	---

реттік нөмірі 5 жолы келесі редакцияда мазмұндалсын:

5.	«Sensata ART» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	20-315-062-023	Кұлжа тас жолы, 100/2 учаске	жалпы-1,3100 иеліктен шығарылатын ауданы-0,4679
----	--	----------------	------------------------------	---

реттік нөмірі 8 жолы келесі редакцияда мазмұндалсын:

8.	«DCAD» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	20-315-062-043	Кұлжа тас жолы, 62/19 учаске	жалпы-1,3100 иеліктен шығарылатын ауданы-0,5108
----	---	----------------	------------------------------	---

реттік нөмірі 10 жолы келесі редакцияда мазмұндалсын:

10.	«Sensata ART» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	20-315-062-173	Кұлжа тас жолы, 98/6 учаске	жалпы-1,3110 иеліктен шығарылатын ауданы-0,5241
-----	--	----------------	-----------------------------	---

реттік нөмірі 12 жолы келесі редакцияда мазмұндалсын:

12.	«Sensata ART» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	20-315-062-176	Кұлжа тас жолы, 92/19 учаске	жалпы-0,6560 иеліктен шығарылатын ауданы-0,4321
-----	--	----------------	------------------------------	---

реттік нөмірі 16 жолы келесі редакцияда мазмұндалсын:

16.	«Sensata ART» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	20-315-062-185	Кұлжа тас жолы, 102/3 учаске	жалпы-0,6560 иеліктен шығарылатын ауданы-0,1435
-----	--	----------------	------------------------------	---

реттік нөмірі 19 жолы келесі редакцияда мазмұндалсын:

19.	«Sensata ART» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	20-315-062-195	Кұлжа тас жолы, 102/5 учаске	жалпы-1,9610 иеліктен шығарылатын ауданы-0,7573
-----	--	----------------	------------------------------	---

реттік нөмірі 25 жолы келесі редакцияда мазмұндалсын:

25.	«Sensata ART» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	20-315-062-276	Кұлжа тас жолы, 92/8 учаске	жалпы-2,6177 иеліктен шығарылатын ауданы-0,2372
-----	--	----------------	-----------------------------	---

реттік нөмірі 28 жолы келесі редакцияда мазмұндалсын:

28.	«Sensata ART» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	20-315-062-310	Кұлжа тас жолы, 95/2 учаске	жалпы-1,3120 иеліктен шығарылатын ауданы-0,0754
-----	--	----------------	-----------------------------	---

реттік нөмірі 42 жолы келесі редакцияда мазмұндалсын:

42.	Цакаев Шамхан Рамзанович	20-317-105-320	«Қайрат» шағынауданы, Тараз көшесі, 34 учаске	жалпы-0,1300 иеліктен шығарылатын ауданы-0,0430
-----	--------------------------	----------------	---	---

реттік нөмірі 47 жолы келесі редакцияда мазмұндалсын:

47.	«МСС и К» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	20-317-106-086	«Колхозшы» шағынауданы, 153/12 учаске	жалпы-1,3954 иеліктен шығарылатын ауданы-0,0898
-----	--	----------------	---------------------------------------	---

реттік нөмірлері 49, 50 жолдар келесі редакцияда мазмұндалсын:

49.	«МСС и К» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	20-317-106-096	«Колхозшы» шағынауданы, 153/13 учаске	жалпы-4,8813 иеліктен шығарылатын ауданы-1,3463
50.	«МСС и К» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	20-317-106-098	«Колхозшы» шағынауданы, 153/14 учаске	жалпы-0,1215 иеліктен шығарылатын ауданы-0,0466

реттік нөмірлері 63, 64 жолдар келесі редакцияда мазмұндалсын:

63.	«Amanat Estate» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	20-317-107-1347	«Қайрат» шағынауданы, 620/1 учаске	жалпы-0,6578 иеліктен шығарылатын ауданы-0,0743
64.	«Amanat Estate» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	20-317-107-1348	«Қайрат» шағынауданы, 620 учаске	жалпы-3,0296 иеліктен шығарылатын ауданы-0,0603

реттік нөмірі 72 жолы келесі редакцияда мазмұндалсын:

72.	Касанов Мурат Зиятдинович	20-317-107-1410	«Қайрат» шағынауданы, 187 А учаске	жалпы-1,2000 иеліктен шығарылатын ауданы-0,1503
-----	---------------------------	-----------------	------------------------------------	---

2. Алматы қаласы әкімінің аппараты осы қаулыны қабылданған күнінен бастап үш жұмыс күні ішінде Алматы қаласы әкімдігінің интернет-ресурсын қоса алғанда, жергілікті бұқаралық ақпарат құралдарында жариялауды қамтамасыз етсін.

3. Алматы қаласы Жер қатынастары басқармасы осы қаулыдан туындайтын қажетті шараларды қабылдасын.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау Алматы қаласы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

Алматы қаласының әкімі	Д.САТЫБАЛДЫ
------------------------	-------------

Алматы қаласы әкімдігінің
2026 жылғы 2 наурыздағы
№1/1-254 қаулысы

Алматы қаласы әкімдігінің кейбір қаулыларына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Алматы қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

Алматы қаласы әкімдігінің келесі қаулыларына өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1) 2025 жыл



43.	Иванова Нина Ивановна	20:321:066:249	«Алғабас» шағынауданы, 7 көшесі, 136/7 учаске	жалпы – 9,2332 үлесі – 1,0400
44.	Пивоварова Анастасия Дмитриевна	20:321:066:249	«Алғабас» шағынауданы, 7 көшесі, 136/7 учаске	жалпы – 9,2332 үлесі – 1,1500
45.	Джурмий Владимир Николаевич, Джурмий Галина Андреевна	20:321:066:249	«Алғабас» шағынауданы, 7 көшесі, 136/1 учаске	жалпы – 9,2332 үлесі – 1,0600
46.	Досембеков Габиден Битымбаевич, Досембекова Мадина Битымбаевна, Аленова Бакыт Битымбаевна	20:321:066:249	«Алғабас» шағынауданы, 7 көшесі, 136/7 учаске	жалпы – 9,2332 үлесі – 0,3532
47.	Кадышева Динара Полатхановна, Кадышев Ербол Ерденевич	20:321:067:061	«Алғабас» шағынауданы, 7 көшесі, 168/1 учаске	1,1184
48.	Кадышева Динара Полатхановна, Кадышев Ербол Ерденевич	20:321:067:062	«Алғабас» шағынауданы, 7 көшесі, 168/3 учаске	9,5669
49.	Кадышева Динара Полатхановна, Кадышев Ербол Ерденевич	20:321:067:063	«Алғабас» шағынауданы, 7 көшесі, 168/2 учаске	7,3364

2. Алматы қаласы әкімінің аппараты осы қаулыны қабылдаған күнінен бастап үш жұмыс күні ішінде Алматы қаласы әкімдігінің интернет-ресурсын қоса алғанда, жергілікті бұқаралық ақпарат құралдарында жариялауды қамтамасыз етсін.

3. Алматы қаласы Жер қатынастары басқармасы осы қаулыдан туындайтын қажетті шараларды қабылдасын.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау Алматы қаласы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

Алматы қаласының әкімі

Д.САТЫБАЛДЫ

Алматы қаласы әкімдігінің
2026 жылғы 2 наурыздағы
№1/1-255 қаулысы

Алматы қаласы әкімдігінің кейбір қаулыларына өзгерістер енгізу туралы

Алматы қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Алматы қаласы әкімдігінің келесі қаулыларына өзгерістер енгізілсін:

1) «Мемлекет мұқтажы үшін жер учаскелерін алып қоюға байланысты жер учаскелерін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығарудың басталуы туралы» 2024 жылғы 21 қазандағы №4/530-2125:

қосымшадағы:
реттік нөмірі 17 жолы келесі редакцияда мазмұндалсын:

17	Турсунбеков Данияр Мұхтарбекович, Турсунбекова Бірлән Серікбайқызы	20-321-018-249	«Самғау» шағынауданы, Аршалы көшесі, 58/3	0,0916 иеліктен шығарылатын ауданы - 0,0230
----	--	----------------	---	---

